



Алхан Бóкехан: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

# AQTÓG'AI AJARY



«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін»

1938 жылдың 15 тамызынан  
бастап шығады

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

[www.facebook.com/a.ajary.kz](http://www.facebook.com/a.ajary.kz)

№ 15-16 (7958) 26 сәуір, Жұма 2024 жыл

[aktogai\\_red@mail.ru](mailto:aktogai_red@mail.ru)

## Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді – Қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз.

Мамырдың бірінші күндері Қазақстан аса жарқын әрі мейірімді мерекелерінің бірі – Қазақстан халықтарының бірлігі күні тойланады. Бұл достық, сыйластық пен ынтымақ мерекесі. Бұл 150-ден астам ұлт мекендейтін елімізде бейбіт өмір сүру үшін талап етілетін қағидалар. Қазақстанның кең шаңырағы астында қазақтар, өзбектер, орыстар, украиндар, неміс, корей, ұйғыр, қырғыз, армян, грузин және көптеген басқа ұлт өкілдері тұрады. Осы ұлттардың әрқайсысы бірегей таптырмас қасиеттерге ие, дегенмен Қазақстан аумағында біз – тату өмір сүретін бір халықпыз. Бірінші мамыр мерекесінің мәні де осы. Бұл мереке біз үшін бірлік пен берекенің, жақсылық пен бейбітшіліктің, келісім мен өзара түсіністіктің символына айналды.

Бұл мейрам елімізде тұратын барлық этностардың өзара бірлігі идеясын насихаттап, барлығымызды өзара тұтастыққа бастайды. Бүгінде біз біртұтас халықпыз. Бір шаңырақ астында осы тұтастығымыздың арқасында ғұмыр кеше отырып, қиыншылықтарды бірге еңсеріп, еліміздің жетістіктеріне бірге қуанып, алдымызға қойған мақсаттарымызға жетуге талпынып жатырмыз. Бір шаңырақ астында бірлескен халқымыздың достығы мен өзара түсіністігі одан әрі жалғаса берсін. Әр шаңыраққа бейбітшілік пен тыныштық орнасын! Баршаңызға мықты денсаулық, мейірім, өркендеу тілейміз.

Аудан әкімі  
Р.Кенжебеков.

Аудандық мәслихат  
төрағасы Р.Әбеуов.



Қазақстан халқының бірлігі күні

## Құрметті жерлестер!

Сіздерді мерейлі мереке – Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Қарулы Күштеріміздің қуаты нығайып, айбыны асқақтап, даңқы арта берсін! Тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын!

Қарулы күштер жауынгерлері мен ардагерлері! Сіздерді Отан қорғаушылар күні – жалпыхалықтық мерекемен, жігерлі адамдар және ерік күш иелері күнімен құттықтаймыз! Бұл күні біз Қарулы күштер қатарында қызмет еткендер мен сапта жүргендерге құрмет көрсетеміз. Мемлекеттің, қоғамның және әрбір қазақстанның қауіпсіздігін қорғаушылар мен өз еліне шексіз берілгендер де сондай ілтипатқа ие. Бұл – ерекше мереке, біз бұл күні Ұлы Отан соғысы ардагерлері, ерлік пен батылдықтың өлшеусіз үлгісін көрсеткен барлық жерлестеріміз, Ауғанстанның отты жолдарымен өткен ержүрек жауынгерлер алдында тағзым етеміз.

Құрметті Ұлан-өрендер! Отан қорғау күнімен құттықтай отырып, сіздерге зор денсаулық, қажымас жігер тілейміз. Ұландарымыз – еліміздің қорғаны. Осы абыройлы борышты адал өтеп, бейбіт өмірді сақтайды деп сенеміз. Отанымызға тыныштық, елімізге амандық тілейміз. Мереке құтты болсын.

Аудан әкімі  
Р.Кенжебеков.

Аудандық мәслихат  
төрағасы Р.Әбеуов.



ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІМЕН  
ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

## Қадірлі аудан тұрғындары, тыл еңбеккерлері!

Сіздерді Қасиетті де ұлы мереке Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймыз! 1945 жылдың 9 мамыры жұртшылық жалында біздің халқымыздың ерлік үлгісі, мұқалмас қажырлығы мен мызғымастығының символы болып келеді.

Отан қорғаушылар жасаған ерліктер мәңгілік және уақыт ағысымен жоғалып кетпейді. Сол бір қаһарлы соғыс жылдары алыстаған сайын оның маңызын біз ерекше ұғына түсудеміз. Сондықтан да халық ұзақ күткен Ұлы Жеңісті жақындатуда майданда да, тылда да жанқиярлықпен күреске түскендердің барлығы айрықша құрметке ие, қаза тапқандардың рухына тағзым етеміз. Аға ұрпақ алып берген Жеңіс бүгінгі күні де бізді жетістіктерге жігерлендіреді, жанымызға қуат береді, қиындықтарды жеңіп, алға ұмтылуымызға көмектеседі. Қымбатты ардагерлер!

Сіздерге шын көңілден денсаулық, тіршіліктің ұзақ та жарқын, алансыз күндерін, жан шуағын, жақын адамдарыңыздың қамқорлығы мен ықыласын тілеймін. Сіздерге және отбасыларыңызға ізгіліктер мен игіліктер тілейміз. Отанымыз аман, елімізде тыныштық болсын.

Аудан әкімі  
Р.Кенжебеков.

Аудандық мәслихат  
төрағасы Р.Әбеуов.





Көктем мезгілі тазалық пен тәртіптің дәстүрлі мезгілі болса, сенбіліктер баршаны

## Сенбілік серпін сыйлайды

біріктіретін игі дәстүр. «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында шашубайлықтар сенбіліктер өткізіп, кент көшелерін тазартуға, мейлінше абаттандыруға барлығы бір кісідей жұмылуда. «Болашақ ұрпаққа таза табиғат әлемін қалдырамыз десек, әркім өз ісіне салғырт қарамасын», – дейді республикалық акцияда төбе көрсеткендер.

Аудан әкімі Руслан Кенжебеков, мемлекеттік органдар, мекемелер мен үкіметтік емес ұйымдар қатысқан сенбілік барысында Шашубай кентінің «Жеңіс» саябағын тазарту, абаттандыру және ағаш түптерін отырғызу жұмыстары жүргізілді.

Шара барысында сөз алған өңір басшысы Р.Айтықенұлы: – Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің әрбір өңіріндегі тұмса табиғатты көздің қарашығындай сақтау керектігін ұдайы айтып келеді. Соған орай бағдарламалық құжаттар дайындап, жүйелі жұмыс жүргізу керектігін тапсырды. Сол арқылы өскелең ұрпақтың бойындағы отаншылдық рухты оятып, патриоттық сезімін ұштау керектігін жеткізді, – деп бұл шараны ұйымдастыру ел басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында айтылған шараларды жүзеге асырудың алғышарты екенін тілге тиек етті.

Аталған шара өскелең ұрпақты тазалыққа, тәртіпке үйретеді. Акцияға жастар қауымы да тартылды. Тазалықты ту еткен сенбілікте көшеттер отырғызылып, кент іші көшелері қоқыстан тазартылды.

Табиғат-Анаға жанашырлық танытып, туған мекенді таза ұстау – үлкен мәдениет пен талғамның белгісі. Экологиялық акция – жауапкершілік танытқан барлық топтарды жұмылдырып, көктемгі жаңарудың нышанына айналған тазалық жұмыстарының асқан маңыздылығын көрсетіп отыр. Асылында, адамзат табиғатпен және ондағы барлық тіршілікпен байланысты. Бұл – табиғат пен



оның перзенті арасындағы тепе-теңдік болса керек. Ендеше, жақсы дәстүрлер жалғасын таба берсін.

## Табиғатты қорғау міндетіміз



Адам – табиғаттың ажырамас бөлігі. Табиғат пен адам қатар ұғым. Адамсыз табиғат, табиғатсыз адам өмір сүруі мүмкін емес. Адам табиғатты қасиет тұтуы керек. Табиғат тіршіліктің құт – берекесі. Ырыздықтың, ырыс пен мол қазынасының қайнар көзі, адам денсаулығының сенімді сақинасы – табиғатты қорғау міндетіміз.

24 сәуір күні Сарышаған кентінде көктемгі екі айлықтың «Жасыл аймақ» аптасында кент мәдениет үйі ауласына тазалық жұмыстары жүргізіліп, ағаш көшеттері отырғызылды.

Сондай-ақ, «Таза Қазақстан» және «Жасыл аймақ» акциясына белсенді жастар да, кенттің ерікті жастары да қатысты.

– «Бір тал кессең, он тал ек» қағидасын мықтап ұстанған халқымыз үшін тал егу – маңызды істердің бірі. Қазақ әуел бастан көктем келіп, күн қыза бастағаннан-ақ ауланы тазалап, ағаштардың түбін өктеп, күтім жасаған. Барша жұртты жұмылдыратын тал егу жұмысы арқылы өскелең ұрпақты табиғат-анаға, күллі жаратылысқа деген ықыласын оятып, адам баласының табиғатпен үйлесімді түрде дамидынын ұғындыру парыз, – дейді іс-шараны ұйымдастырушылар.

## Таза болса табиғат – аман болар адамзат

Республика бойынша Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы қарқын алуда. Бес аптаға жоспарланған тазалық науқанының әр бөлігінің өзіне тән атауы мен мақсаты бар. Аталған акцияның «Киелі мекен» тақырыбындағы екінші аптасы тарихи-мәдени ескерткіштердің аумағын абаттандыруға арналған болатын. Осы орайда аудан тұрғындары да көктем шауығындағы сенбілік жұмыстарына үн қосты.

Аталмыш акциясы аясында аудан жастары «Қараменде би» баба мазарының аумағына тазалық жұмыстарын жүргізіп, көшеттер отырғызылды. Игілікті шараға аудан әкімі Р.Кенжебеков, Қуаныш ауылының имамы Б.Сейдуәліұлы қатысты.

Тазалық жұмыстары барысында Қараменде бидің шешендігі, батырлығы туралы жастарға насихат жұмыстарын жүргізген ауданның археологиялық-этнографиялық мұражайының қызметкері С.Қалиасқар «Ел Президентінің аумақтарды абаттандыру және көгалдандыру жөніндегі тапсырмасына орай және аудан әкімінің ауыл аймақтарда

санитарлық тазарту жұмыстарын жүргізу жөніндегі өкіміне сөйкес «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында бүгін «Қараменде би» мазары маңында тарихи әрі

сақ пен түркі кезеңінің, қыпшақ заманының таңбасы тасында қалған өлке. Әулиетаудағы алғашқы адамдар тұрағына айналған тас үңгір, Бегазы тауының етегіндегі

бойынша Қараменде би 1720 жылы Сырдария өзенінің бойында дүниеге келген. Әнет бабаның алдын көрген, тәрбиесін ұққан Қараменде қалмақ шапқышылығы, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» сұрапыл соғысында, ертегімен су кешіп, ауыздықпен су ішкен заманда ержетеді. Жау жағадан, бөрі етекпен алған алмағайым, арпалыс майдан, жанталас гасырда өмір сүрді.

Деректер бойынша Қараменде би мазары XVIII ғ. соңында бой көтерген. Кесене Ақтоғай ауылының солтүстік-шығысқа қарай Ақтас өзенінің Тоқырауына құяр сағасындағы Қараменде айрығы (Қарекен айрығы) деген жерде орналасқан (Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы. Қараменденің моласы бөрненен қиып салынған. Тек 1920-шы ж.ж. осы ағаш моланы айналдыра саман кірпіштен қалаған. 1993 ж. Ақтоғайда үлкен ас беріліп, мазары қайта жаңартылады. Мазар шаршы пішіндес ақ кірпіштен қаланған. Төртбұрышында төрт кішкене мұнарасы бар және шағын гана күмбез шығарылған.



киелі орындарды күтіп ұстау бағытында санитарлық-тазалық, көркейту-көгалдандыру жұмыстары жүргізілуде. Акцияның «Киелі мекен» апталығы негізінде осындай тарихи-мәдени киелі орындарда игі істі атқаруға жиылған баршаңызға алғыс айтамын, – деп шараның мән-маңызына тоқталды.

Ақтоғай – тас, қола дәуірінің,

қола дәуірінің алып кешені көнеден сыр шертеді. Желтаудағы таңбалар галереясы – мәңгілік тасқа басылған тарих. Соның ішінде ауданымыздағы киелі орындардың бірі «Қараменде би» мазары.

Шахаулы Қараменде – он сегізінші гасырда өмір сүрген ірі тұлға. Қазақ тарихының білгірі Смахан төре Бөкейхановтың деректері

Бетті дайындаған  
Думан ҚАБЫЛ.

**Жаңа тағайындау**

Қазақстан республикасы 2015 жылғы 23 қарашадағы «Мемлекеттік қызмет туралы» №416-V Заңының 29 бабының 1 тармағына және 30-бабының 1 тармағына сәйкес Ақтоғай ауданы әкімі Руслан Кенжебековтың өкімімен Қаура Данияр Жаксыбергелулы 2024 жылдың 22 сәуірінен бастап «Ақтоғай ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» ММ-нің басшысы (Е-Р-1 санаты бойынша) болып тағайындалды.



Қаура Данияр Жаксыбергелулы 21.10.1992 жылы Ақтоғай ауылында дүниеге келген.

Ұлты қазақ. Білімі жоғары.

2014 жылы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетіне түсіп, «экономика және бизнес бакалавры», «экономика және бизнес магистрі», 2018 жылы Қарағанды «Болашақ» академиясы. «құқықтану бакалавры», «саясаттану, әлеуметтік ғылымдарының магистрі» атанған.

12.05.2015 жылдан 27.08.2015 жж дейін Ақтоғай ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінде бас маман міндетін атқарушысы,

27.08.2015 жылдан Ақтоғай ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінде бас маман қызметтерін атқарған. Отбасылы.

**\*Мемлекеттік қызмет**

**Мемлекеттік қызметші болу – аса жауапты міндет**

Мамандық таңдау әр адамның өміріндегі маңызды шешімдердің бірі болып табылады. Адам баласы өз болашақ мамандығын таңдау барысында аса үлкен жауапкершілікпен қарауы қажет. Себебі, таңдаған мамандық өмір бойы қандай іспен айналысатыныңызды айқындап, болашағыңызға бағдар береді. Үлкен жауапкершілікті талап ететін мамандықтың бірі ол мемлекеттік қызметші болып табылатыны сөзсіз. Өйткені, мемлекеттік басқару әр салаға жауап беретін сан қырлы қызмет, ол: білім, денсаулық сақтау, экономикалық даму, қаржы, ауыл шаруашылығы, әлеуметтік қамтамасыз ету, қорғау және қорғаншылық, көлік, байланыс және коммуникация. Осы мамандықтың қыр-сырын білу үшін мемлекеттік қызмет деген ұғымды ашып көрейік.

Қазақстан өзін тәуелсіз мемлекет ретінде жариялағаннан бастап, осы салада бір қатар үлкен жұмыстар жасалып, біраз жетістіктерге қол жеткізді, мемлекеттік қызметшілердің статусы мен өкілеттіктері, олардың функциялары заңмен бекітіліп, заман талабы мен адам мұқтажыды қанағаттандыру үшін тиімді жұмыстар атқарылып, жаңа кәсіби мемлекеттік аппарат құрылды. Мемлекеттік аппаратының негізгі міндеті – мемлекетті нығайту және халықтың әл-ауқатын арттыру. Мемлекеттік қызмет — бұл ең алдымен, мемлекет саясатын жүзеге асыруға бағытталған кешенді

қызмет, атқарушы билік органдары қызметшілерінің тәжірибелік қызметі. Мемлекеттік қызметшілер өзіне жүктелген міндеттер мен функцияларды жоғарғы кәсіби деңгейде орындап қана қоймай, еліміздің тәуелсіз, демократиялы, егеменді мемлекетке айналуына өз үлестерін қосуда. Мемлекеттік қызметші мемлекеттік биліктің айнасы секілді. Оның ар-ожданы биік, әділетті, талантты, ұйымдастырушылық қабілеті бар екендігін қоғам бағалайды. Мемлекеттік қызметшілердің ең басты міндеті – халықтың сенімін ақтап, адал қызмет ету. Әрбір мемлекеттік қызметші осы қағиданы еш уақытта ұмытпауы тиіс. Халыққа жақын болып, кез-келген жағдайда әділ болулары қажет. Себебі, мемлекетіміздің дамуы тікелей мемлекет саясатының сапалы атқарылуына байланысты болса, ал ол өз кезегінде мемлекеттік қызметшінің кәсіби біліктілігінің сапасына байланысты екенін естен шығармауымыз керек. Ол халықтың оған деген сенімнің көрсеткіші және мемлекет жүргізіп отырған басқару қызметтерін қайта құрудың тиімділігін қоғаммен бағаланудың өлшемі болып табылады. Мемлекеттік қызметкерлер басқарушылық шешімдер қабылдауда және мемлекеттік саясатты іске асыруда ел азаматтарының мүдделерін ескеруге міндетті. Бұл міндетті тиімді жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдар ашық және азаматтық қоғаммен тығыз байланыста болуға тиіс.

Сонымен қатар, жыл сайын мемлекеттік функциялар мен қызметтер автоматтандырылуында, мемлекеттің бақылау мен реттеу функциялары азайып, өзін-өзі реттейтін ұйымдарға беріліп отырады. Мемлекеттік қызмет жүйесіндегі жаңа институттар, мысалы, жеке құзыреттіліктерді бағалауды қолдана отырып, мемлекеттік қызметке іріктеу, жаңадан жұмысқа қабылданған қызметкерлер үшін сынақ мерзімі, тәлімгерлік, тағылымдамадан өту және ротация мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби деңгейлерін арттырады. Мемлекеттік органдарда қызмет атқаратын қызметшілердің білімі мен біліктілігін арттыру мәселесі әрқашан негізге алынып отыратындықтан, кәсіби мемлекеттік аппарат құру еліміздің өркендеуі мен дамуына, мемлекеттік қызметшілердің Отан сүйгіштігіне, білімі мен біліктілігін арттыруға апаратын маңызды қадам.

Қорытындылай келсек, ел абыройын асқақтатып, дамуына орасан үлес қосатын мемлекеттік қызметші болу – аса жауапты міндет. Өйткені, мемлекеттік қызметші қай кезде де биліктің биік бейнесін, іскерлік қабілетін көрсетеді.

**А.Алтынбекова,**  
**ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің мемлекеттік қызмет басқармасының бас маманы.**

**\* Ауыл шаруашылық тауар өндірушілерінің назарына**

**Фитосанитарлық есеп жүргізу және есеп беру нысандарын тапсырудың ережесі туралы**

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі Мемлекеттік инспекция комитетінің Ақтоғай аудандық аумақтық инспекциясы» Мемлекеттік мекемесі «Өсімдіктерді қорғау туралы» 2002 жылғы 03 шілдедегі №331 Заңының 11 бабын негізге ала отырып, ауылшаруашылық тауар өндірушілердің назарына ұсынады: қолайлы фитосанитариялық ахуалды қамтамасыз ету мақсатында қызметі мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерімен байланысты жеке және заңды тұлғалар өз аумақтарында фитосанитариялық мониторингті жүзеге асыруға және зиян тигізудің экономикалық шегінен көп зиянды және ерекше қауіпті зиянды организмдер анықталған жағдайда фитосанитариялық іс-шараларды жүргізуге міндетті.

Осы Заңның 13 бабына сәйкес, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің «Фитосанитариялық нормативтерді, фитосанитариялық есепке алу нысандарын, сондай-ақ оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 29 маусымдағы №15-02/584 бұйрығына сәйкес - қызметі ауылшаруашылығы мақсатында пайдаланатын немесе өзге де жерлерде өсімдік шаруашылығы өнімін өндіруге, сақтауға және қайта өңдеуге арналған астық сақтау орындары, көкөніс сақтау орындары, қоймалар, ашық алаңдар, өндірістік және өзге де үй-жайларға қатысты, мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерімен байланысты жеке және заңды тұлғалар фитосанитариялық есепке алу жүргізеді және уәкілетті органға фитосанитариялық есептілікті

табыс етуге міндетті, фитосанитарлық есепке алу нысандары: ФУ-1; ФУ-2; ФУ-3; ФУ-4; ФУ-5.

1) ФУ-1-лицензия негізінде пестицидтерді, биоагенттерді өндіруді (формуляциялауды), сатып алу және өткізуді, биоагенттерді өсіруді және өткізуді жүзеге асыратын фитосанитариялық есепке алу субъектілерінің пестицидтерді, биоагенттерді өндіру және (немесе) өткізу туралы есебін жылына екі рет, есепті кезеңнен кейінгі 10 шілдеге дейін және 10 қаңтарға дейін;

2) ФУ-2- пестицидтердің, биоагенттердің қозғалысы туралы есеп, жылына екі рет, есепті кезеңнен кейінгі 10 шілдеге дейін және 10 қаңтарға дейін;

3) ФУ-3- пестицидтерді, биоагенттерді сақтау туралы есеп жыл сайын, 10 қаңтарға дейін;

4) ФУ-4- өз өсімдік шаруашылығы өнімін өндіру үшін пестицидтерді, биоагенттерді қолдануды жүзеге асыратын фитосанитариялық есепке алу субъектілерінің химиялық өңдеулер жүргізуі туралы есепті ай сайын, наурыздан қыркүйекке дейін, есепті айдан кейінгі әрбір айдың 10-күніне дейін ұсынады;

5) ФУ-5-тыйым салынған және жарамсыз пестицидтерді және олардың ыдыстарын, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын залалсыздандыруды жүзеге асыратын фитосанитариялық есепке алу субъектілерінің тыйым салынған және жарамсыз пестицидтерді және олардың ыдыстарын, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын зиянсыздандыру жөніндегі есеп жыл сайын, 10 қаңтарға дейін;

Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасы-

ның заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады. ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 403 бабының 1 және 2 тармақшаларына сәйкес әкімшілік жауапкершілік көзделген.

403-бап. Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасын бұзу

1. Фитосанитариялық есептілікті ұсынбау, сол сияқты уақтылы ұсынбау

жеке тұлғаларға - бес, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне - он, орта кәсіпкерлік субъектілеріне - он бес, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Фитосанитариялық бақылау объектілерінде фитосанитариялық мониторинг пен фитосанитариялық іс-шараларды зиянды организмдердің саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары болатындай олардың дамуы мен таралуына әкеп соққан жүргізбеу -жеке тұлғаларға - бес, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне - он, орта кәсіпкерлік субъектілеріне - он бес, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Толық ақпарат алу үшін және есептілікті тапсыру үшін «ҚР АШМ АӨК МИК Ақтоғай аудандық инспекциясы» ММ Ақтоғай ауылы, Ө. Бөкейхан көшесі 10Б үй мекен-жайы бойынша келуге немесе есептілікті электронды түрде [muksabaev.n@minagri.gov.kz](mailto:muksabaev.n@minagri.gov.kz) электронды поштасына жолдауға болатындығын хабарлаймыз. тел: 871037 2-10-13.

**«ҚР АШМ АӨК МИК Ақтоғай аудандық аумақтық инспекциясы» ММ.**

*\*Президент тапсырмасын орындай отырып...*

## Баспана кілті табысталды

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» атты сайлауалды бағдарламасында: «Мемлекет жаңа тұрғын үйлер салады, барлық өңірдегі жергілікті инфрақұрылым мен инженерлік коммуникацияларды жаңартады. Біз сапалы жұмыс орнын қамтамасыз етеміз, әр азаматтың өзін дамытуына тең мүмкіндік жасаймыз. Мұның бәрі өңірлерді тұрғындар мен инвестициялар үшін тартымды етеді», – деген болатын.

Елдің барлық аймақтарын теңдей жетілдіріп, тұрмысқа қажетті жағдайды халыққа жасап беру Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың басты мақсаттарының бірі және сол мақсатты жүзеге асыру үшін елімізде «Қуатты өңірлер – елді дамытудың драйвері» Ұлттық жобасы қабылданып, Республиканың түкпір-түкпірінде іске аса бастады.

Күні кеше ауданымызға қарасты Шашубай кентінде аталмыш жоба аясында 96 отбасы баспаналы болды. Пәтер кілттері ұзақ жылдар бойы үй кезегінде тұрған азаматтарға берілді. Қоныстойын тойлағандар қатарында мүмкіндігі шектеулі жандар, ата-ана қамқорынсыз қалған балалар, көпбалалы отбасылар мен жалғызбасты азаматтар да бар. Пәтер кілтін салтанатты түрде табыс етіп, қуаныштарына ортақтасқан аудан басшысы Руслан Кенжебеков қат болып тұрған баспана мәселесін біртіндеп шешуге кіріскендігін айтты.

– Бүгінгі таңда президенттің тапсырмасын бұлжытпай орындап, халықты жайлы тұрмыс, қонды әлауқатпен қамтамасыз ету мақсатында елімізде біршама жұмыстар атқарылып, өңірдің дамуына елеулі

үлес те қосылып жатыр. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы халықтың аз қамтылған тобын баспанамен қамтуға ерекше көңіл бөлуді тапсырған еді. Биыл ұзақ жылдар қиналып келген біраз жерлесіміз баспаналы болды. Жерлестерімізді қуанышқа бөлеу жұмыстары баспанаға мұқтаж отбасылардың мәселесі толық шешілгенге дейін жалғасады. Көпқабатты үй кентінің орталығында,



Ақберген көшесінде үлкен той болып жатыр. «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» бағдарламасы аясында қалпына келтірілген үйге 96 адам қол жеткізді. «Балқаш Жібек Жолы» мекемесі жөндеу жұмысын жүргізді. Жаңа қоныстанушылар арасында жетімдіктің дәмін татқан 12 жаң, 20 көпбалалы отбасы, 46 әлеуметтік осал санатқа жатқызылған отбасы, 17 бюджет қызметкері, сондай-ақ, үйі апатты деп танылған отбасы бар. 90-шы жылдары салынған,

бірақ, ұзақ уақыт бойы қаңырап бос тұрған үйлер қайта жөндеуден өтіп, ел игілігіне жарады, – деді аудан әкімі Руслан Кенжебеков.

Баспана кілтін қолына алып, қуаныштары қойнына сыймай тұрған азаматтармен сөйлестік. Барлығы да мемлекет жүргізіп отырған саясатқа, аймақ басшысының іскерлігіне алғысын айтып жатыр. Солардың бірі балабақша тәрбиешісі Арайлым Бей-

отырмыз. Екі бөлмелі пәтер алып, арманымыз орындалды. Біз үйімізді көрдік, өте жақсы аудан, жақын маңда балабақша да, мектеп те бар. Барлық жағдай жасалған, орталық жылыту жүйесіне де қосылған. Жақында алған үйімізге көшеміз, – дейді Арайлым Бейсембекова.

Елдің еңсесін тіктеп, дағдарыстың дауылына, замананың жауынына ұрынбас үшін нақты бағдарламалар қабылдап, жұртшылықтың жайлы өміріне жол ашып жатқан Мемлекет басшысына Ақберген көшесінің жаңа тұрғындары тілектестігін білдірді. Үй алған көпбалалы ана Евгения Фролова көп жылдар бойы бір бөлмелі пәтерді паналап келген. Оларға үш бөлмелі пәтер берілгеніне ризашылығын жеткізді.

– Біз биыл баспана аламыз деп күткен жоқпыз. Біз үшін керемет қуаныш, нағыз мереке. Кілт бергенде сенбесімізді білмедік. Тек ішке кіріп, бәрін өз көзімен көріп, көз жеткізгенде ғана, шынымен де, алғанымызға сеніп, қуандық. Бізге пәтер ұнады. Сантехникасы жақсы, су жылытқышы да бар. Тіпті, қазір келіп, қоныстануға дайын, – дейді Евгения Фролова.

Бір күнде 96 отбасының арманы орындалып, шаттыққа шомылған шақ болды. Ал, арман тек тұрақты дамуы бар, азаматтарына қамқорлығын аямайтын, экономикасы өскен, әлеуметтік жағдайы өнген елде ғана ақиқатқа айналатындығын шашубайлықтар әр сөзінде атап өтті. Шашубай кентінің әкімі Нариман Маңғышев тұрғын үй кезегіне 89 адам тұрғандығын мәлімдеді. Алдағы жылдары ауылда тағы үш қараусыз қалған бес қабатты үй қалпына келтіріледі.

Өз тілшімізден.

## Интернет алаяқтарынан сақ болыңыз

Бүгінде әлеуметтік желіде интернет алаяқтарының дәурені жүріп тұр. Өзгенің затын заңсыз иеленіп, онай олжаны қалтасына басқысы келетін адамдардың саны күн өткен сайын артуда. Күні кеше аудан орталығындағы «Алаш» алаңында Ақтоғай аудандық Полиция бөлімінің бастамасымен ақпараттық технологияларды пайдаланумен жасалатын қылмыстар, оның ішінде ғаламтор алаяқтарының алдын алу мақсатында профилактикалық жиын өтті. Жиынға аудан әкімі Р.Кенжебеков, мекеме, бөлім қызметкерлері, қоғамдық ұйым өкілдері мен ауыл тұрғындары қатысты.

Шараны ашқан ауданның ПБ бастығы С.Спанов интернет алаяқтарының алдын алу шаралары туралы ақпараттар мен бөлісті.

–Қазіргі таңда ғаламтор желісі арқылы жасалған қылмыстарды болдырмау, оларды ашу бағытында аудандық полиция бөлімі қызметкерлері жүйелі жұмыстар атқарып жатыр. Алаяқтықты жасаудың негізгі және басты себептері азаматтардың сенімділігі болып отыр. Осындай қылмыстарды ашу және тергеуде біршама қиындықтар бар. Өйткені, қылмыскер үшінші



адамға тіркелген әртүрлі банк карталарды, сондай-ақ әртүрлі абоненттік нөмірлерді, ақша қаражаттарын шешіп алу үшін жалған адамдарды пайдаланады. Аталған қылмысты ашу үшін заң жүзінде алынған деректерді мұқият талдау қажет және бұл нақты ұзақ уақытты талап етеді. Бүгінде интернет арқылы

жасалған алаяқтық қылмыстарының алдын алу, болдырмау бағытында біршама іс-шаралар атқарылууда. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы аудан тұрғындарына түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, алаяқтардың арбауына түсіп қалмау жайлы, қандай сақтық шараларын сақтау керектігі насихатталуда. Алаяқтардың арбауына түспеу үшін тұрғындар сақтық шаралары ретінде жеке деректерін қатаң сақтауы керек. Оған қоса өзіне тиесілі пластикалық карталардың мәліметтерін, смс кодтар мен құпия сөздерді ешкімге айтпауға және белгісіз әрі тексерілмеген сайттарға төлем жасамауларын сұраймын, – деді полиция подполковнигі С.Спанов.

Мұнан соң, аудан әкімі Р.Кенжебеков, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Сыздықов сөз алып, тұрғындардың интернет алаяқтарының арбауына түсіп қалмау мақсатында өткізіліп жатқан шараның маңызына тоқталды.

Интернет алаяқтықтың күн өткен сайын күшейіп бара жатқанын алға тартқан полиция қызметкерлері азаматтарға күдікті қонырау мен хабарламалар алғанда бірден банкке хабарласуға кеңес беріп, тұрғындарға ақпараттық жадынамалар таратты.

Думан АМАНГЕЛДҰЛЫ.

# 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні

\*\*\*\*\*



## Татулық тұтастық тұғыры

«Алтау ала болса – ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса – төбедегі келеді» деген қарға тамырлы қазақтың тамыр-тегіндегі асыл қасиеттердің бірі – татулықпен ынтымақтастық. Бүгінгі таңа емес, бағзыдан, мыңжылдықтардан бері бүгінге ұласып, Қазақстан қазір басқаларға берекелі бейбіт өмірдің шамшырағы – қарусыз әлемді үлгі қылып отыр. Ұлтты ұйыстыратын ұлы қуатымыз да – сол Бір шаңырақ астында берекеміз артып, мерейіміз тасығаны – бір-бірімізге деген бауыр-малдық емей немене?

«Сөздің атасы – бірлік, анасы – шындық». Аузы дуалы Қаздауысты Қазыбек бидің қазып айтқаны. Келдібектен туған ұлдың кемеліне келтіріп жеткізген ақиқаты – осы. Апыр-ай, бірлікті көксемейтін сөздің шындығын қайтпек керек?! Сондықтан болар, кеменгер бидің «Сөздің атасы – бірлік» деп алдымен татулықты ту етуі де тегін емес. Алмағайып заманда Алаш амандығын, Тұран тұтастығын сақтап қалған да осы – бірлік екені баршаға аян.

Аттың жалы, түйенің қомында тағдыр таразылаған жаугершілік заман келмеске кетті дегенмен, тұтастығыңнан айырылсаң, топырағың тұрмақ, тоқымыңа дейін турап әкелер дәуір ұзай қойған жоқ. Ақтандықтың ізімен жазылған том-том тарихымыз соның дәлелі іспеттес.

Сонау қилы заманда қазақ туған

жерінен тағдырдың тәлкегімен айдалып келгендердің ешбірін кеудесінен итерген жоқ. Бүтінін бөліп, жартысын жарып жеді. «Қарасын» деп қарғап, «аққұбасын» деп алашап жатқан адам жоқ Алаш топырағында. Осы күні елімізде өсіп өнген өзге ұлт өкілдерінің ұрпақтары сол баба жақсылығын жадында мықтап сақтаған. Соның шынайы бір белгісі бүгінгі елдегі – бірлік. Ұлт пен ұлыстың арасындағы сына қақса да араздық сығалай алмайтын татулығы.

Шындығында, бұған дейінгі Іші мамырдың мерекелену тарихына, оның мазмұны мен сипатына көз жүгіртсек, бұл күн тәуелсіз Қазақстанда 1996 жылдан бастап Тұңғыш Президент Жарлығымен Қазақстан халқының бірлігі күні ретінде аталып өтіліп келеді. Айтулы күн ұлыстар мен ұлттардың бірлігін ұлықтап, Қазақстандағы барлық ұлт өкілдерінде жұмылған жұдырықтай тұтастыруға үндеп келеді. Сөйтіп, Мамыр мейрамы бүгінде еліміздің тыныштығы мен татулығының нышанына айналды. Көптеген ұлттың ортақ шаңырағына айналған Қазақстан бейбітшілік пен келісім арқылы әлемге үлгілік жолды нұсқап келеді. Ел иесі, жер иесі саналатын қазақ халқы алмағайып замандарда шартараптан бас сауғалаған, тағдыр тәлкегімен босып келген басқа жұртты бауырына басқаны баршаға мәлім. Мінеки, осындай ұлттың дархандық мінезі, тұлғаның салықалы саясаты бар қазақ елі қазіргі таңда қабырғасы қатайған,

пікіріне халықаралық қоғамдастық өкілдері құлақ асатын беделді елге айналды.

Қазақстан этносаралық және конфессияаралық келісім тәжірибесінің өзіндік үлгісіне ие бола отырып, толеранттылық және мәдениетаралық диалог мәселелеріне мән беретін бастаманы халықаралық деңгейге шығара білетін мемлекет бола алды.

Сонымен қатар, Ұлы Далада орныққан ел бірлігін мерекеге ұластыру, әлемдік қауымдастық тарапынан жоғары бағаланған достық пен келісімді паш ету халықтар арасындағы тұтастықты одан сайын нығыздай түседі.

«Біздің бірлігіміз бекем, мақсатымыз ортақ, рухымыз асқақ. Соның арқасында кезкелген қиындықты жеңіп, жасампаздық пен өрлеу жолында жаңа белестерді бағындырамыз деп сенемін» дей келе, еліміздегі татулық пен бірліктің басқаға емес, ең алдымен қазақтың өзіне керектігін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қадап айтқан еді.

Тұрақтылықты – тұлпар, татулықты – сұңқар етіп, ертеңгі күнге бой түзеп, «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» құтты заманның құзырында тұрып, қиялға құлаш ұрамыз. Алаш деп аталар алып шаңыраққа уығы болып қадалып, керегесі болып керілгіміз келеді. Түптеп келгенде, Іші мамыр мерекесі елдің бірлігін одан сайын нықтап, сол арқылы қазақтың тірлігінің берекелі болуына жол ашсын деп тілейік!

Думан Қабыл

Біз «бірлік пен тұрақтылық болмаса, саяси-экономикалық реформалар жүзеге аспайды» дейміз. Әрине, бұл — дұрыс пайым. Бірақ бірлік дегеніміз мақсатымызға апаратын жол ғана емес. Бұл — мемлекеттілігіміздің ең басты тірегінің бірі.  
**ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.**

## Мейрам тарихы туралы не білеміз?

*1 мамырды Қазақстан халқының бірлігі күні деп атап өткенімізбен, бұған дейін, Кеңестік кезеңде, мемлекет осы күні еңбекшілердің халықаралық ынтымақтастығы күнін тойлап келген. Ол кезде 1 мамырда халық жаппай шеруге шығып, әскери парадтар өтетін.*

*Халық еңбектегі табысы мен жетістігін жария етуге ұмтылатын Мейрамның екінші күні, тәртіпке сай, «көкке» шығып, мейрамды табиғат аясында жалғастыратын.*

*Еңбекшілердің халықаралық ынтымақтастық күнін тойлау туралы шешімді Чикаго жұмысшыларының бас көтеруін еске алу мақсатында Париждің Интернационалдар конгресіне қатысушылар 1889 жылдың шілдесінде қабылдаған.*

*1886 жылдың 1 мамырында АҚШ-тың жұмысшылары жұмыс күнін 8 сағат деп белгіледі талап етіп, көтеріліс ұйымдастырған. Еске сала кетелік, бүгіндері Қазақстанда еңбек күні қыркүйектің соңғы жексенбісінде аталып өтеді. Көптеген мемлекет үшін бұған дейін*

*де, қазір де 1 мамыр көктем, жердің жаңғыруы мерекесі боп табылады. Мысалы, ежелгі кельттер осы күні Бельтайнды атап өткен. Бұл дата олар үшін малды жайлауға шығарумен байланысты боп келеді. Қазіргі Германия 1 мамырда табиғаттың жаңаруына байланысты Мамыр мерекесін атап өтеді.*



## Ырыс алды – ынтымақ

*Татулықты тіршілігіміздің тірегіне айналдыра білгендіктен болар, көпұлтты мемлекетімізде достық пен бірлік жылжыған жылдармен бірге нығая түсуде. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігін төрткүл дүниеге паш еткенде оны әлем халықтары жақсы қабылдап, санасып қана қоймай, барлық сала бойынша біте қайнасып, тығыз қарым-қатынас орнатуға ұмтылғаны анық.*

*Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаев сарабдал саясаткерлігі мен көрегендігін сол бір шақта таныта білді. Сөйтіп, елімізде халықаралық қатынастың өзіндік моделі қалып тасты. Бұл саяси тұрақтылықты іс жүзінде бекітіп, нығайтқанын уақыт көрсетіп отыр. 130 этнос өкілі тұратын мемлекетте әуелгі кезекте ынтымақ орнады. Мұндайда қазақ «Ырыс алды – ынтымақ» деген екен. Президентіміздің Қазақстан халқына жолдаған дәстүрлі жолдауларында санамызға сіңірген ұлтаралық келісімді, татулықты сақтауды өзіміз ғана ойлап қоймай, соңымыздан ілескен жастарға да үнемі айтып, іске асыруға тырысып жүрміз.*

*Шыны керек, біздің жүрегімізде 1ші мамыр – халықаралық ынтымақ күні ерекше орын алады. Бала күнімізден осы күнді асыға күтетін едік. Жалпыхалықтық мерекеге айналған осы мейрам санамызға бірлікті, ынтымақты, достықты сіңірді. Енді, міне, бұл күнді заман талабына сай етіп, Қазақстан халқының бірлігі күні деп жаңаша атап*

*жүрміз. Бұл да тәуелсіз ел үшін аса қажет мереке екені анық. Сондықтан да болар, «Біздің байлығымыз – әр ұлттан болғандығымыз болса, күшіміз – бірлігіміз де» деген сөз дәл тауып айтылған.*

*Жылдар бойы әр түрлі этностардың қатар өмір сүруі біртұтас мемлекеттімізді одан ары дамытты және оған бөтен қылықтар жат. Қазақстанның мәдени мұрасына біздің елімізде тұратын әр этнос жауапкершілікпен қарайды. Кезкелген, тіпті ең кіші ұлттық топтың мүдделерін, ұлттық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын шынайы құрметтеу әділетті халықаралық бейбітшіліктің негізі болып табылады. Міне, Қазақстан осындай ел.*

*Әр ұлттың өз тілі мен мәдениеті бар. Тілі бөлек елдің дүниеге деген көзқарасы, сенімі бөлек болады. Әлемде орын алып жатқан түрлі келеңсіздіктердің дені – осындай түсін бестіктен туындаған жағдайлар. Қазіргі таңда Қазақстан халқы Ассамблеясы – мемлекеттің этностық саясатын қоғамдық келісім саясаты деңгейіне көтерген бүкілхалықтық институтқа айналды.*

*Барша Қазақстандықтарды келісім мен бейбітшіліктің, татулық пен ынтымақтастықтың айшықты мерекесімен құттықтаймын!*

\*Мереке мезіреті

# Қызыл папам

Әкемнің туған ағасы Рақымбеков Мейрамбекті қызмет істеген Қарағанды, Балқаш, Жезқазған өңірінің қазақ-орыстарының түгелі танитын, – десем артық айтпаған болар едім. Еңбек жолын соғыс жылдары 16 жасынан аудандық военкоматтың писарь қызметінен бастаған екен. Жазуы мәрдей әдемі, сауатты жазатын әкемізді бұл жұмысқа бірден қабылдаған деседі. Сол жылдары Ақтоғай Шет ауданына қараса керек. Шет ауданының военкомы болып Есенбаев Мәжиттің әкесі келеді. Ол алдына келіп есеп беріп жүрген қағілез, сауатты, пысық балаң жігіттің Тобықты руынан екенін біліп бауырына тартады. Себебі, өзі де Тобықты екен. Қызыл папаның соғыс аяқталған соң ішкі істер қызметіне ауысуына сол кісі бағыт-бағдар берген екен. Жаны жәннатта болсын. Сонымен әкеміз ішкі істер қызметкері яғни милиционер болып шыға келген. Алғашында Қарағанды облысының Нұраталдысында біраз жыл участковый милиционер болады. Онда біраз үй-рәңе алмай қиналса керек, осы жайы туралы атамыз Рақымбек Ақышұлына айтыпты. Сонда атамыз: – «Адамның ішінен сырты мықты болады», – депті. Ондағысы не қиындық көрсең де білдірме, адам баласы іші алай-дүлей болып жатса да, сыртынан айналасына сездірмейді дегені екен. Қызыл папам атамның сол кеңесінен кейін өз бойында не бір қиындыққа төзімділік қалыптастырған сияқты. Еңбегі жемісті болып жалпы өтілі 44 жыл айлары бар оның ішінде, 30 жылдан аса Ақтоғай ауданының ішкі істер мекемесінің басшысының орынбасары қызметін абыройлы атқарып, зейнеткерлікке подполковник шенінде шыққан. Ақтоғай ауданының «Құрметті азаматы» әкеміздің өмірі бізге үлгі. Әкеміздің шені бұдан да жоғары болушы еді. Бірақ сталиндік кезеңінде туыстары үшін жауап беретін үрдіс болды ғой. Қылмыс жасап жазықты болған туысы үшін әкемізді аға лейтенанттық шенінен айырып, қатардағы милиция қызметкерлерінің деңгейіне түсіріп тастаған. Әкеміз Мейрамбек Рақымбекұлы бұл қиындыққа мойымай өзінің адал еңбегі мен маңдай терімен қайта көтеріліп, тынбай ізденіп Алматының МВД-сын жоғары оқу орнының аяқтап, халқына адал еңбек етіп, подполковник шеніне жетті. Туысына да ренжіп: «Сен сөйттің, сенің кесірің тиді», – демепті. Мұндай сабырлылыққа қалай таң қалмасын. Кейіннен ол заң өзгерді ғой. Тіпті көмелеттік жасқа толған баласы үшін әкесі күні-бүгінге дейін жауап бермейтін болды. Әкеміз 80 жасқа толғанда арнайы құттықтау үшін иығына жабатын шапанын алып, Көкшетаудан поезбен келіп, Балқашқа автобуска мінген болатынмын. Жолда Шет ауданына аялдағанда сатылып жатқан қымызға көзім түсті.

Қызыл папама 3 литр қымыз ала бардым. Сондағы Қызыл папаның қуанғаны-ай! Әлі қуанған дауысы құлағымнан кетпейді. Сол жолы маған көп әңгіме айтып еді. Маған екі иығын нұсқап: «Балам менің иығымда өмір бойы погондар болғанмен, мен үнемі не жағдай болса да халықты жазалау емес құтқару жағында болдым», – деді. Халыққа тек жақсылық жасандар дегені ғой. Қызыл папаның ол өсиетін ойыма мәңгілік түйіп өттім. Әкеміздің ерекше қасиеті бар еді. Ол адам аттарының еске сактаудағы мықтылығы. Туған-туыстардың балалары мен немерелерінің аттарын жаңылмай айтатын. Дүниеге келген баланың атын бір естісе болды, ешқашан ұмытпайтын да жаңылмайтын. Қалайша, сүйсінбесе. Қызыл папаның туған-туыстардың, жалпы шақырылған тойларда айтатын сүйікті "Ақсұңқарым" өнін оның орындауында тойшы қауым

сан рет тындап еді. Қызыл папамды сағынған әкеміз Оразбек те кейінгі тойларда осы әнді орындап жүрді. Балалары бізде сағынғанда "Ақсұңқарымды" айтып жүреміз. Әкеміздің қызыл папа аталуына мен себепші болдым. Мектеп табалдырығын әлі аттамаған кезім 5-6 жаста болармын, әкеміз Оразбек дәрігер болғандықтан, дәрігерлерге арналып салынған үйіміз больницаның жанында болды ғой. Бір топ форма киген милиция қызметкерлері айнаға (рентгенге) түсуге



үйдің жанынан өтіп бара жатыпты. Есік алдында тұрған мен: «Папа, папа» деп айқайлапмын. Олар жаныман өте бергенде: «Қызыл папа!» деп қаттырақ айғайлап жіберіпті. Барлық қызметкерлер ду күліпті. Папам бөлініп, маған бұрылып келіп, мені көтеріп алып, мез болып күліпті. Ол кездегі милиция формаларында қызыл түс басым еді ғой. Содан болар, бала қабылдауы бойынша қызыл түске назар аударған болармын. Сол сәттен бастап ауыздан-ауызға тарап, барлық туған-туыстар, олардың бала-шағалары, Мейрамбек әкемізді «Қызыл папа», анамыз Марфуға Жүнісбек қызын «Қызыл мама» десе, кейіннен немерелері «Қызыл ата», «Қызыл апа» деп атап кетті. Зейнеткерлікке шыққан соң ауылда мал қарау, су тасу, шөп суыру, отын жару, от жағу, күл шығару секілді жұмыстардың барлығы ұлын ұяға, қызын қияға қондырған қызыл папам мен қызыл мамама ауыр бола бастады. Әскерден келген бауырым Дәулет бір мезгіл барып шөп суырып, ұсақ-түйек шаруасын шаруалап келетін. Үйге келіп айтатын: «Қораның есігін мұқият жауып, үйге кіріп, бітірген шаруаларым туралы есеп беріп кетуге оқталғанында қызыл папам үнемі: «Марпыға, Дәулетке көмпит әкел», – дейтін көрнеді. Қызыл мамам дайындап қойған көмпиттерін береді екен. «Мен сонда әлі папам мен мамама кішкентай бала болып көрінемін ба?», – деп Дәулет күліп жүретін. Ата-анаға бала өмір бойы бала болып қалады ғой. Қазір Дәулет сол кездерді сағынып еске алып жүреді. Бірде қызыл папам бауыры, біздің әкеміз Оразбекті шақырып алып, Балқашқа қоныс аударатын айтыпты. Балаларынан ұлдың кенжетайы Қайратбегі де Балқашта аға тергеуші болып қызмет атқарып жүрген. Әкем қимаса да "жөн", – деп келдім деп отырды. Жазда ел-жұртына, көрші-қолаңына ас беріп, кош айтысып қызыл папам Балқашқа қоныс аударды. Орындары ойсырап қалды. Біразға дейін үйрәң алмай жүрдік. Күніне болмаса да екі күнде бір шап-

қылап барып келетін үйіміз ғой. Қазақтарға қаланы алу процессі оңай болған жоқ. Арқалағандары ипотека, кредит. Жұмыссыздық белең алған жыл еді. Кеңес үкіметінен квартиралар алып, орын теуіп алған Қарағанды, Балқаш өңірінің орыстары да ауыл қазақтарын күшпек жайып қарсы алғандары шамалы. Айта кету керек солтүстіктегі орыстар мен украиндар тағы басқа ұлттар шапшаң Россиясына басқасына көшсе, арқалағылар біраз қозғалмай отырды. Луде-

шалуы болмаса. Олар көшуге құлықсыз болды. Әрине Балқаштың мыс заводын, Қарағандының көмірінің арқасында шахталарына тамырын жібергендіктен, тіпті балаларымен, отбасымен кіріп алғандары бар. Олар оңайшылықпен кеткісі келмеуі де заңды ғой. Жоғарғы еңбекақысы бар, оның ішінде ғажайып көлі бар, ауа-райы жұмсақтау Балқаштай жерден өзге ұлттың айырылғылары жоқ еді. Сол қиын-қыстау жылдары елімізден біршама көп отбасы Қарағанды, Балқаш қалаларына қоныс аударады. Бұл жағдайда сөзсіз ауылдан келгендерге жұмысқа орналасу ауыр тиді. Ол кезде жұмысқа қабылдану үшін ұйымдастырылған тәуелсіз комиссия және арнайы біліктілікті анықтайтын конкурстар жоқ. Танысы барлар қалаған жұмысына орналасады, жоқтары еріксіз базарға шығады. Балқашта зейнеткерлікте отырған, әкемізге сол 90 - жылдары көмек сұрап алдына келгендер көп еді. Бәріне бел шешіп көмектесті. Кімге болсын сөзі өтетін еді ғой марқұмның. Заводқа, қалалық ішкі істер бөліміне, мектептерге т.б жерлерге ауылдастарың, туған-туыстарың, олардың балаларың жұмысқа орналастырудың шебері болды. Тіпті өзге ұлттардың да тілін табатын. Бәріне сыйлы еді. Сол мекемелердің басшыларымен сыйласы бар, туысы бар бәріне туған ауылының адамдарын кіргізуге, олардың жолдарын ашып, нандарын тауып жеуге қатты көмектесті. Осының бәріне өзім куәмін. Балқашқа барып-келіп жүріп шет жағасын көріп, естіп үйге келіп отырған адамдарды да көріп жүрдім. Қызыл папамыз ерінбей-жалықпай бәріне көмектесуге әрекет етуші еді. Қазір Балқаш қаласының білім бөлімінің басшысы болып отырған Ағдарбекова Гүлмира Жеңісбекқызы қызыл папаның немересі. Папам тірі болғанда немересінің осы биікке жеткеніне қуана отырып, тағы да елдің балаларын сүйреуші еді. Бір кем дүние ғой. Сол жылдары Балқаш қаласында бауырымыз Жаров Жанат Әзіқанұлы

тергеуші қызметін атқарып жүр еді. Ұсақ ұрлықпен Ақтоғай ауданының жас жігіті қолға түседі. Ақтоғай дегенге елең ете қалған марқұм бауырымыз Жанат тергеу барысында кімнің баласысын, әкең қай жерде жұмыс істейді, Ақтоғайда туыстарың кім? – дейді ғой. Жанағы балаң жігіт: – Ақтоғайда Рақымбеков Мейрамбектің туысканы едім, – деп жауап береді. Қалада өскен, ауылға сирек келетін Жанат ініміз таң қалып, қылмыскерге үніле қарайды. Бірақ, мұндай туысты есіне түсіре алмайды. Күзетшілерді шақырып алып, алдында отырған тергелушіні уақытша тергеу изоляторына жібереді. Осы мен туысымды танымай отырған шығармын ертең Мейрамбек әкейден сөгіс естіп қалармын, – деп. Апыл-кұпыл жиналып қызыл папаның үйіне тартады ғой. Мәнжайды әкемізге баян етеді. Орнынан ширақ тұрып тез киініп, қызыл папам қалалық ішкі істер бөліміне жедел жетеді. Басшысына кіріп тергеудегі жігітті алдына алдырады. Анасы ерте қайтыс болып, әкелерімен бір топ ер бала жетім қалған отбасының баласын тани кетеді. Сол жерде істі жаптырып, жігітті алып шығады. Осы әңгімені бауырымыз Жанат марқұм өзі айтып беріп еді. Есік алдына шыққан соң қызыл папам қалтасынан ақша алып жолға, – деп Жанатқа беріп, мына баланы Ақтоғайдың автобусына мінгіз де шопырға менен сәлем айт: «Мына жігітті тек Ақтоғайдан түсірсін», – дейді. Жанат ініміз айтады: «ішімнен қазір мынаған әкеміз ұрсатын шығар», – деп тағатсыздана күтіп тұрдым. Бірақ, қызыл папамыз әлгі балаға бұрыла қарап, ақырын арқасынан қағып: «Мейрамбектің туысымен», – деп өте дұрыс айтқаның», – деді де оған ойлана үнсіз біраз қарап тұрды да апарып тастауға келген басшының машинасына мінді де үйіне кетіп қалды, – деп Жанат марқұм бауырымыз қызыл папаның бұл мінезіне таңырқанын жасырмай басын шайқап ойлана жымнып еді. Әкеміз үндемеген соң, мен де үндемей автобекетке оны ертіп апардым. Бұдан бірер сағат бұрын терген отырған жігіттің тергеушісінен аяқ астынан әкейдің нұсқауымен оны ауылға шығарып салушысына айналдым, – деп Жанат жарқырай күлетін. Елге жүргелі тұрған автобустың шопырына әкеміздің сәлемін тиянақты жеткізіп ақшасын беріп, сол жігітті қатты тапсырдым. Жүріп кеткен автобустың соңынан ұзақ қарап тұрдым, қызыл папамызға есеп беруім керек қой, – деп еді. Сол уақиғадан соң көп ұзамай ғұмыр жасы қысқа болып, Жанатымыз бұл өмірден отау құруға да үлгермей бақилық болып кетті. Қап-қара бұйра шашты, бота көзді әдемі, тәрбиелі, қызыл папамызды жанындай жақсы көруші балаларының бірі еді. Әкеміз құтқарып жіберген ол жігіттің ауылдастығы болмаса, жақын туыстығы жоқ еді. Осы уақиғадан соң оның «қылмыс жасады» дегенін өмірі естімеппін. Мүмкін әкеміздің оған ұрыспай, үнсіз қараған көз қарасы әсер етті ме екен деп ойлаймын. Қайтып жамандыққа жоламағаны анық. Ауданда туыстары отырғандықтан аты-жөні құпия болып қалсын. Қызыл папам айрықша жұмсақ мінезімен дараланатын және айналасындағыларға есте қаларлықтай тәрбиелік мәні бар құнды мінез-құлық көрсететін, асыл мінезді, тектілік бойында тұнып тұрған жан еді. Қызыл папамдай жанды өмір жолымда күні-бүгінге дейін қайтып кездестірген емеспін. Жандарың жәннатта болсын, асылдарым. Алла Фирдауси жәннатының ақ төрінен орын берсін. Бұл дүниеде мәңгілік менің жүрегімнің төріндесіндер, Қызыл папам, Қызыл мамам!

**Сағынып еске алушы:**  
**Рымгүл Оразбекқызы Рақымбек,**  
Астана қаласы.



# Мәуелі бәйтерек

Өткен күн тамырға таралып, тарихтың қойнауына кеткен сайын қадірі арта түседі. Ал, алдағы күнді рақым шапағаты мол, ғайыпты білуші – Алладан басқа ешкім білмейді. Біз өмір сүрген дәуірдің соңында адамзат баласының санасы мен рухани әлемі әлдеқайда өзгергені хақ. Осы орайда айтайын деп отырғаным, өткен ғасырдың орта шені мен кейінгі ғасырдың басында өмір сүріп, ұрпақ қалдырған, алдал еңбегімен өмір сүрген Карбоз баласы Кәрігүл әкеміз туралы естелікті жазуды жөн көрдім. Сарым Қожағұл атамыздан Алатай, Құлатай, Тортай дүниеге келген. Тортайдан Карбоз, Карбоздан Қуандық, Сүйіндік, Кенжебала, Кәрігүл, Кенжеғұл атты бес ағайынды тарайды. Карбоздың үлкені Қуандық Ұлы Отан соғысында хабарсыз кеткен. Басқа бауырларынан ұрпақтары баршылық.

Кәрігүл әкеміз 1937 жылы 5 желтоқсанда Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Сәуле ауылында дүниеге келген. Балалық шағы соғыс жылдарында сүренсіз тіршілікте өткендіктен ерте есейіп, ауылда жаз айларында тырмауыш артында отырып шөп жинау т. б. ересектердің жұмысын істеп жүріп ержетті. Кейін

механизатор болды. Қай жерде еңбек етсе де ерекше құштарлықпен өмір сүрді деп бағалаймын. Ақтоғайда ғана емес, республикаға аты танымал шопан болған атамыз – Қалиев Мұздыбай Кеңес заманында беделді, мықты Ленин орденінің иегері еңбек ері атанған жұртына сыйлы, құрметті

әкеміздің таяғын ұстап, 1953 жылдан бастап шопан атанады. Әрине, бұл қасиетті Жыланды тауының етегіндегі Теріскей қыстағындағы шопандық өмірінің басталуы еді. Өмірінде қажырлы, қайраттылығымен аға шопан атанып, үлкен жауапкершілікпен 30 жылын абыроймен

атқарып 56 жасында зейнетке шыққан адал жан. Одан кейінгі өмірін мұсылмандық бес парызың бірі – намазға жығылып, құлшылықта өткізді. Еңбегі де елжүсіз қалмады. Ұлы Отан жылдарында тылда еңбек еткені үшін Жеңістің 60-65 жылдығында төсбелгімен марапатталса, еңбегінің елөліп Еңбек ардагері деген атағын



алып, төсбелгіні де кәудесіне тақты.

Кәрігүл әкеміз адал, қайырымы мол, бойындағы бар қасиеті – тез ашуланып, реніш-сөздерін айтып аз уақытта ұмытып кететін ерекше жан. Өзгеге жаны ашып тұратын және өзім деген адамға сый-құрметі өте жоғары еді. Қайран, сол кездің анқылдаған

адамдары-ай, керемет бір-біріне қамқор, адал болатын жандар еді. Әкеміз тіршілік еткен Теріскей қыстағы жол бойында болғандықтан күні-түні кісі арылмайтын құтты мекен еді. Елде бұл кісінің атын да атамай, барлық қасында жүрген қатарластары, сырластары «Кәкім болыс» деп атаушы еді.

Жары Пәну туралы жазу

көлемді бір мақала болатын шығар. Қасында көмекші бола жүріп, бар шаруаның ығын білетін қажырлы, сабырлы, дүниеге сегіз баланы өкеліп, тәрбиелеп 46 жасында көп балалы ана, күміс алқа иегері болған асыл анамыз – Пәну еді. Руы Әлтеке, әкесі Қасымның кіндігінен тараған ұрпақтардан.

Кәкім болыстан тараған ұрпақтары қазір өсіп-өнген аһарлы-шаһарлы бір-бір отбасы. Үлкені Дүйсен озық механизатор. Мағираш, Қарлығаш, Бейсен, Гүлмира, Бейбіт, Альмира, Айдын әр салада, әр қалада еңбек етіп жатқан жандар.

Әкеміз қажырлы қайратымен, ерен еңбегімен бала-шағасын жеткізіп, өмірдің қиын да қызық өткелдерінен өтіп 83 жасында дүниеден озды. Артында айтып жүретіндей жақсы қасиеттері, жасаған жақсылықтары жетерлік. Ол бір ерекше әңгіме болары анық. Зейнетке шыққаннан кейін Кәрігүл әкеміз Аллаға құлшылық етіп, ұрпақтарының амандығын тілеп бес уақыт намазын оқып дүниеден өтті. Пендеге Алланың назарынан тыс қалғаннан асқан ауыр жаза жоқ шығар, сірә. Аллаға құлшылық етіп, ұрпақтарының амандығын тілеп сұрап өткен әкеміздің тілеуі шығар, аман-сау өркендеп, қанат жайып өсіп-өніп жатқаны. Алла тіл-көзден сақтасын.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» дегендей, 11 немере, 9 шөбере, 16 жиен, 37 жиеншарды көрген мәуелі бәйтерек. Адам баласы үшін жерді жүгендеп, айды арқандаса да адамшылықтан артық құндылық жоқ екенін осы өткен ата-бабаларымыздың адамшылықты жоғалтпаған өнегелі өмірінен аңғарып, үлкен үлгі алуға болары анық.

Тортаев Кәрігүл ұрпақтары.

\*Аңыз һәм ақиқат

## Хат әкелген Күрең ат

Аққан ата Қызыларайда (Ақжарық) механизатор, бас инженер, болып жұмыс істеді. Ауылдағы техника атаулының қыр-сырын жақсы біліпті. Техникаға жаны құштар болса да, Күрең атын қасынан бір тастамаған. Үй маңында жүретін Күрең де алыстан атамның қарасы көрінсе болды, еркелеп, оқыранып жетіп келеді екен.

Соғыс уақыты дегеніміз – ел техникаға қараған кез. Атам бас инженер болғандықтан ауылда қалып, техникаға бас-көз болу тапсырылыпты. Бірақ, атам тумысынан намысшыл адам. Отан алдындағы борышын өтеуге асығып, орайы келген сәтті ұзақ күткен деседі.

Ақыры 1943 жылы Ұлы Отан соғысына аттанады. Күрең атына мініп, пойыз жүретін станция іздеп тартып отырыпты. Қызыларайдан

Жарық станциясына дейін Күрең атпен барып, пойызға мінген. Күреңді елге қайтаруы бір мұң болыпты. Пойыздың жылдамдығына ілескісі келген Күрең, ақыры болдырып жолда қалыпты. Атам үйдегілерге жазған хатын күреңнің жалына байлап жіберген екен.

Атамның соғысқа кеткенінен әжемдер мүлде хабарсыз болып шыққан. Ауылдарды аралап, техника қарап кеткен болар деп аса мән бермеген сыңайлы. Жоғына 3-4 күн тоғанда, көңілде



алаң басым боп, ағайын-туыстан сұрастыра бастапты.

Көп күттірмей Күрең ат ақыры ауылға келіпті. Тылда еңбек еткен Асыл әжем бастаған үлкендер күреңнің атамсыз келгенінен үрейленген. Ат жалындағы хатты көрген әжем тағы бір ауыр күрсініпті сол кезде. Бірақ, атамның түбінде соғысқа аттанарын сезіп жүрген болса керек. Хатта:

«Айналайын, Күрең ат,

Жақыным, жаным, жүрежам,  
Жерім үшін жан құрбан,  
Аттандым, елге сәлем айт» деп жазып қалдырған екен.

Асыл әже содан бері Күрең атқа дән риза. Ауылдың жігіттері «Күлдір-күлдір кісінетіп, күреңді мінер ме екенбіз?» деген ыңғаймен бірнеше рет күреңге қолқа салыпты. Бірақ, үлкендер арғымаққа тиіскізбеген. Өйткені, ол да иесінің келуін асыға күткендердің бірі еді. Кейіннен атамнан «Сарыарқаны сағындым» дейтін хаттар келіп тұрған. Апамның айтуы бойынша хаттардың бірінде:

«Горькидің қаласы,  
ну орман даласы,  
Занят қып жатырмыз,  
Орманның арасын» деп жазыпты.

Сол уақыттарда атам Горький қаласын неміс авиациясынан қорғауға қатысқан. соғыстан абыроймен оралған сертіне берік жауынгер Аққан Смағұлов 1946 жылдан 1961 жылға дейін Қоңырат МТс-де бригадир болып істеді. Ауданға сыйлы азамат, әулетіне үлгілі әке болды.

Аялуым Совет,  
«Орталық Қазақстан» газетінен ықшамдап алынды.



# Бабалар еккен шынарды балалары саялайды

Халқымыз ежелден жасыл желекке оранған табиғат – анаға ерекше мән берген. Қоршаған орта самсаған ну орманымен, алқызыл түсті гүлге оранған даласымен, сәмбі талы мен жеміске толы ағашымен сәнді деп, көшкен жеріне тал отырғызған. Тал егу – сауапты істердің бірі деп ұрпағына аманат етіп қалдырған.

«Таза Қазақстан» Республикалық экологиялық акциясының үшінші апталығы «Жасыл аймақ». Бұл бағыты бойынша 25 сәуір күні Ақтоғай ауданы орталығында «Жеңіс», «Аққайың» саябақтарына қоқыстан тазарту жұмыстары жүргізіліп, ағаш көшеттері отырғызылды.

Бұл туралы Ақтоғай ауылының әкімі Думан

Ұлтықеев: –Қоршаған ортаның жақсаруына өз үлесімізді тигізу үшін сенбіліктер өткізіп, ауламыздың, қаламыздың, ауылымыздың аумағын тазартып, абаттандырып, жасыл желектер отырғызып, шырайын өрлендіре түсуіміз керек. Аудан әкімінің тапсырмасымен өңірдің елді мекендері мен кенттерінде аумақтарды көгалдандыру, санитарлық тазарту және абаттандыруға бағытталған сенбілік жұмыстарын өткізу бойынша екі айлық ұйымдастырылуда. Бұл игі шараға ерікті негізде екі айлық мерзімінде барлық мекеме, бөлім қызметкерлері, білім беру мекемелерінің ұжымдары, ауыл тұрғындары белсенді қатысып келеді.

Сонымен қатар, бүгін «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясының

«Жасыл аймақ» апталығы аясында халық демалатын орындарға ағаш көшеттерін отырғызу қолға алынып жатыр. Тұрғылықты жеріміздің тал-терегін жайқалтып, гүлмен көмкерілген баққа айналдырып, ауылымыздың ажарлы болуына үлес қосу кімнің болса да азаматтық парызы. «Бабалар еккен шынарды балалары саялайды» демекші, отырғызған жасыл желектеріміз тез жерсініп, балғындарымыз мақтанышпен айта жүріп, саясында емін-еркін асыр салып ойнауы біз үшін үлкен қуаныш. Ағаштарды егіп қана қоймай, оларды стандартты жағдайға жеткенге дейін кемінде үш жыл бойы толықтыру, күтім, қорғау жұмыстарын орындап отыруымыз қажет, - дейді.

Думан ҚАБЫЛ

## "Казэнергоцентр" ЖШС өз тұтынушыларын 2024 жылғы 1 мамырдан бастап тұтынушылар топтары бойынша электрмен жабдықтау бағасының өзгергені туралы хабарлама

| Қызмет ететін аумақ | 1 кВт * сағ электрмен жабдықтау бағасы, тенге                        |              |  |              |  |              |  |              |
|---------------------|--|--------------|--|--------------|--|--------------|--|--------------|
|                     | Электр энергиясын тұрмыстық қажеттіліктерге пайдаланатын тұтынушылар |              | Электр энергиясын тұрмыстық қажеттілікке емес пайдаланатын тұтынушылар |              | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын заңды тұлғалар |              | Заңды ұйымдастыру, Әлеуметтік маңызы бар тауарларын шығаратын заңды тұлғалар |              |
|                     | ҚҚС-сыз  | ҚҚС қосылған | ҚҚС-сыз  | ҚҚС қосылған | ҚҚС-сыз  | ҚҚС қосылған | ҚҚС-сыз  | ҚҚС қосылған |
| Ақтоғай ауданы      | 15,13  | 16,95        | 22,13  | 24,79        | 28,87  | 32,33        | 21,15  | 23,69        |

Электр энергиясын жеке тұлғалардың тұтыну көлеміне қарай оның сараланған тарифтері

### 1. Электр плиталарын пайдаланатын тұтынушылар үшін үш деңгейлі тарифтер

| Қызмет ететін аумақ | 1 кВт * сағ үшін электрмен жабдықтау бағасы, тенге |              |                            |              |                            |              |
|---------------------|--|--------------|----------------------------|--------------|----------------------------|--------------|
|                     | Бірінші деңгейдегі тарифтер                        |              | Екінші деңгейдегі тарифтер |              | Үшінші деңгейдегі тарифтер |              |
|                     | 100 кВт*сағ дейін                                  |              | 101-ден 180 кВт*сағ дейін  |              | 180 кВт*сағ жоғары         |              |
|                     | ҚҚС-сыз  | ҚҚС қосылған | ҚҚС-сыз                    | ҚҚС қосылған | ҚҚС-сыз                    | ҚҚС қосылған |
| Ақтоғай ауданы      | 13,51  | 15,13        | 18,16                      | 20,34        | 22,70                      | 25,42        |

### 2. Электр плиталарын пайдаланатын жасы бойынша жалғыз тұратын зейнеткерлер, мүгедектер, Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген адамдар үшін үш деңгейлі тарифтер

| Қызмет ететін аумақ | 1 кВт * сағ үшін электрмен жабдықтау бағасы, тенге |              |                            |              |                            |              |
|---------------------|--|--------------|----------------------------|--------------|----------------------------|--------------|
|                     | Бірінші деңгейдегі тарифтер                        |              | Екінші деңгейдегі тарифтер |              | Үшінші деңгейдегі тарифтер |              |
|                     | 120 кВт*сағ дейін                                  |              | 121-ден 180 кВт*сағ дейін  |              | 180 кВт*сағ жоғары         |              |
|                     | ҚҚС-сыз  | ҚҚС қосылған | ҚҚС-сыз                    | ҚҚС қосылған | ҚҚС-сыз                    | ҚҚС қосылған |
| Ақтоғай ауданы      | 13,51  | 15,13        | 18,16                      | 20,34        | 22,70                      | 25,42        |

## ТОО «Казэнергоцентр» уведомляет своих потребителей об изменении с 1 мая 2024 года цен на электроснабжение по группам потребителей:

| Обслуживаемая территория | Цены на электроснабжение за 1 кВт*ч, тенге                      |       |  |       |   |       |   |       |
|--------------------------|---|-------|--|-------|---|-------|---|-------|
|                          | Потребители использующие электрическую энергию для бытовых нужд |       | Потребители использующие электрическую энергию не для бытовых нужд |       | Юридические лица, финансируемые из государственного бюджета |       | Юридические организации, производящие социально-значимые продовольственные товары |       |
|                          | без НДС   | с НДС | без НДС  | с НДС | без НДС   | с НДС | без НДС   | с НДС |
| Актогайский район        | 15,13   | 16,95 | 22,13  | 24,79 | 28,87   | 32,33 | 21,15   | 23,69 |

Дифференцированные тарифы на электрическую энергию в зависимости от объемов ее потребления физическими лицами

### 1. Трехуровневые тарифы для потребителей, использующих электрические плиты:

| Обслуживаемая территория | Цены на электроснабжение за 1 кВт*ч, тенге |       |                       |       |                        |       |
|--------------------------|--|-------|-----------------------|-------|------------------------|-------|
|                          | Тарифы первого уровня                      |       | Тарифы второго уровня |       | Тарифы третьего уровня |       |
|                          | до 100 кВт*ч                               |       | от 101 до 180 кВт*ч   |       | свыше 180 кВт*ч        |       |
|                          | без НДС                                    | с НДС | без НДС               | с НДС | без НДС                | с НДС |
| Актогайский район        | 13,51                                      | 15,13 | 18,16                 | 20,34 | 22,70                  | 25,42 |

### 2. Трехуровневые тарифы для одиноко проживающих пенсионеров по возрасту, инвалидов, участников Великой Отечественной войны и приравненных к ним лицам, использующих электрические плиты

| Обслуживаемая территория | Цены на электроснабжение за 1 кВт*ч, тенге |       |                       |       |                        |       |
|--------------------------|--|-------|-----------------------|-------|------------------------|-------|
|                          | Тарифы первого уровня                      |       | Тарифы второго уровня |       | Тарифы третьего уровня |       |
|                          | до 120 кВт*ч                               |       | от 121 до 180 кВт*ч   |       | свыше 180 кВт*ч        |       |
|                          | без НДС                                    | с НДС | без НДС               | с НДС | без НДС                | с НДС |
| Актогайский район        | 13,51                                      | 15,13 | 18,16                 | 20,34 | 22,70                  | 25,42 |



# Арқаның абызы өмірден өтті

## Қасым Ыхметұлы Орынбетов



Арқа журналистикасы ардақты арысынан айырылды. Жазушы, әдебиет зерттеуші, КСРО және Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, журналистика ардагері, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, «Ақтоғай ауданының құрметті азаматы», қарымды қаламгер **Қасым Орынбетов** 83 жасқа қараған шағында дүниеден озды. Орынбетов Қасым 1940 жылы Киров ауылдық кеңесі, Жамбыл ұжымшарында (Нүркен округі) дүниеге келген. 1964 жылы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтын аяқтаған.

Еңбек жолын аудандық газетте бөлім меңгерушісі, 1968-70 жж. аудандық партия комитетінде нұсқаушы, 1970-73 жж. «Арқа еңбеккері» газетінің бас редакторы, 1973-75 жж. Жезқазған облыстық «Жезқазған туы» газетінде жауапты хатшы, 1975-78 жж. Шет, Ақтоғай

аудандары бойынша меншікті тілші, 1978-82 жж. Шет аудандық «Ильич туы» газетінің бас редакторы, 1982-90 жж. Облыстық «Жезқазған туы» газетінің бөлім меңгерушісі, 1990-1992 жж. Жезқазған облысы Ақтоғай ауданы бойынша зейнетақы қорының өкілі, 1992-1995 жж. аудандық музей директоры, 1995-1997 жж. облыстық «Сарыарқа» газетінің бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарған. КСРО Журналистер одағының мүшесі. Еңбектегі ерлігі үшін медалінің иегері, 1970-1973 жж. Ақтоғай аудандық Кеңесінің депутаты, Ақтоғай аудандық партия комитеті пленумының мүшесі. 1978-82 жж. Шет аудандық Кеңесінің депутаты, Шет аудандық партия комитетінің пленум мүшесі. 1970 ж. Жезқазған облыстық Кеңесінің грамотасымен марапатталған. 1995-1997 жж. Ақтоғай аудандық тарихи өлкетану музейінің директоры болып, аудан тарихын зерттеу-зерделеуде көп еңбек сіңірген жан. Сол жылдары Алаш көсемдері Әлихан Бөкейхан, Әлімхан Ермеков, Жақып Ақбаевтың өмірлеріне қатысты тың деректер жинауға белсене атсалысқан. Тіршілігінде талай шәкірт тәрбиелеп, журналистиканың кыр-сырын журналшы қауымға түсіндіре білген жан. Абыз ата, асыл аға, қарымды қаламгердің бейнесі Ақтоғай жұртшылығының жүрегінде мәңгі сақталмақ. Жаны жәннатта, топырағы торқа болсын дей отырып, Қасым Орынбетовтың отбасына, туғандарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз.

Р.Кенжебеков, Р.Әбсұов, С.Мұратұлы, С.Амралин, А.Аманжолов, Б.Әмірғасым, С.Сыздықов, Т.Таукеев, Г.Елжүсізова, И.Игебек.

Өмірден елу сегіз жыл бойы бір үйдің баласындай болып сыйласқан Қасым Орынбетов аға өтті. Атақты Нарманбет ақынның ұрпағы. Мына тар жер, тығыз уақытта қай қасиетін айтып таусайын?! Қайда жүрсе де мені іздеп жүретін сол көкем енді жоқ. "Тумақ барда, өлмек барын" бір адамдай білсек те, қимайды екен көзкөрген... Абыз ағам Алланың рақымында болсын, көрмеген көшесінен жарылқасын.

### ҚОШ, КӨКЕ!

Шебер кетті өмірден, шешен кетті,  
Сел басқандай биылғы кешен көкті.  
Ағамды алып, алтынды жағамды алып,  
Еткенін-ай сұм ажал еш еңбекті.  
Бет бұрыпсың бақиға, қош, ағатай,  
Жақсысына жалғанның дос ағатай.  
Бізден кетіп барасын.  
Енді сізді  
алдыңыздан мақшарда тосады апай.  
Нарманбеттей нар едің түбің ерен,  
Нарым шөгіп, нарайдым бүгіле мен.  
Қасым кетті,- деген сөз қандай суық,  
Басым кетіп жатқандай күніреңем.  
Көңіліммен сені ойлап қираңдаған,  
Тәу етемін өзіне, иманды адам.  
Құшағына сыйғызсын енді сені,  
Құшағына өзіңнің сыйған далаң.

Абзал Бөкен,  
халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының  
лауреаты,  
«Құрмет» орденінің иегері

## Бақұл бол, ардақты аға!

Ақтоғай ауданының «Құрметті азаматы», қарт журналист, елдің абыз ақсақалы Қасым Орынбетов ағамыз ақтық сапарға аттанды.

Қасым ағамыз бар саналы ғұмырын баспасөз саласына арнады. Аудандық «Арқа еңбеккері» және облыстық басылымдар «Жезқазған туы» мен «Орталық Қазақстан» газеттерінде өшпес қолтаңбасы қалды. Өз елінің тарихын, ата-бабаларымыздың салт-дәстүрін, мәдениет мен әдебиетін ерекше зердесіне тоқыған, оқыған, білгені көп үлкен парасат иесі еді. Аз уақыт болса да осы бір қаламы қарымды, ойы ұшқыр, көркем сөз зергерінен тәлім-тәрбие алғанымды ұмытпаймын. Қашанда терең мағыналы әңгімесі таусылмайтын. Ел жадында Қасым ағаның асыл сөздері, ой-толғамдары, журналистік зерттеулері қалды.

Елінің ардақтысы Қасым ағамыздың алды пейіш, арты кеніш болғай. Орнында бар оналар дегендей, әке өнегесін жалғап жүрген ұл-қыздарына Алла ұзақ ғұмыр берсін. Бақұл бол, ардақты аға!

Н.Ақбаева,  
ҚР Журналистер одағының мүшесі.

## Қош бол, қарымды қаламгер

Жазушы, әдебиет зерттеуші, КСРО және Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, журналистика ардагері, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, «Ақтоғай ауданының құрметті азаматы», қарымды қаламгер, көсемсөз шебері, әріптесіміз **Қасым Ыхметұлы Орынбетов** 83 жасқа қараған шағында дүниеден озды. Қасым Орынбетов 1940 жылы 10 ақпанда Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Калинин колхозында дүниеге келген. 1965-1968 жылдары аудандық «Арқа еңбеккері» газетінде бөлім меңгерушісі, 1968-1970 жылдары аудандық партия комитетінде нұсқаушы қызметтерін атқарған. 1970-1973 жылдары жылдың сәуір айына дейін Ақтоғай аудандық «Арқа еңбеккері» газетінде редактор болған. Өмірінің 40 жылға жуық уақытын ұлт баспасөзіне арнаған қаламгер еді. Арқа журналистикасының абызы,

қарымды қаламгер, көсемсөзші Қасым Орынбетовтың өнегелі өмірі, артында қалған сансыз шәкірттерге, жастарға нағыз өнеге. Үлкенді аға деп, кішіні бауырым деп жүретін, бар білген-түйгенін әрбір кездескен жанға біліп қалсын деп үйретіп жүретін, ешбір сұрағыңды жауапсыз қалдырмай, нақты деректермен жауап беретін шежіре жанның ортамызда жүре тұрғаны абзал еді. Амал нешік, Аллаға қарсы тұра алмаймыз. Үлгісін, өнегесін жалғастыратын шәкірттері, қаламдастары бар. Тәубе. Орынбетов Қасым Ыхметұлының жарқын бейнесі көзін көрген, бірге қызмет жасаған әріптестерінің есінде мәңгі сақталады. Марқұмның отбасына, туған-туысқандарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз.

Ақтоғай аудандық «Ақтоғай ажары» газетінің ұжымы және ардагерлері

## Көркем сөз бен, көсемсөздің шебері еді

Қарағанды жақтан қаралы хабар келіп, күні кеше ортамызда туған жердің бесігінде тербеліп, халықтың қошаметіне бөленіп, Ақтоғай ауданының «Құрметті азаматы» атанып, барлығымызды ақ батасына бөлеп кеткен Қасым Орынбетовтан айырылып қалыппыз... Аспан айналып жерге түскендей. Ажал ерте келеді ме, кеш келеді ме бір келері хах. Дегенмен сексеннің сенгірінен асса да абыз Қасым ақсақалды өз басым дәл осы сәтте қимадым. Тұнып тұрған қазына ғой қазына, шежіре ғой шежіре, шіркін. Амал не қимастықпен қоштасамыз да. Мен Қасым Ыхметұлымен кештеу таныстым. Небәрі бір мүшел уақыт қана. Талай абызды, талай жазушыны көрдім ғой, бірақ Қасым ақсақал тұнып тұрған шежіре. Ішсең шөлін қанбас көусар бұлақ қой. Әлі есімде алғаш рет бір мерейтойында құттықтап барып, санаулы сағаттар ғана тілдескенмін. Алған әсерімді, Қасымді көрген сәттен бастап тұлғасы, сөз мақамы, адаммен сөйлесу мәдениеті сөз жоқ, керемет еді. Тіл дегенің керемет, мәйегің де салады, уын да

жая алады. Керемет ертегі әлеміне енгендей, жорналшылыққа деген құштарлығымды саликалығымен, өзіне ғана жарасатын мақамымен ашып еді. Сол сәттен менің мұзама айналған Қасым Орынбетов еді. Әр кездесуімді бітпесе екен, ақсақал айта берсе екен деп тілейтінмін. Соңғы рет келгенде «күнде келе бермейсіз үйіме келіп ақ батанды беріңіз, сыбағаңызды жеп кетіңіз», – дегенім соңғы кездесуім екен. Алқалап шақырған қауымның ішінен арнайы келіп, ақ батасын беріп, тұнық сырлы әңгімесін шертуі соңғы кездесуіміз екен ғой. Сізден алған тәлім-тәрбие, мол мұраны ізбасарларыңыздың бірі ретінде жалғастыра бермекпін.

Қош болыңыз, абыз ақсақал ардақты әке, кара шаңырақ («Арқа еңбеккері») «Ақтоғай ажарының тасын өрге бірге сүйреген әріптес, ақылшы аға. Жаныңыз жәннатта, тәніңіз рахатта болсын. Алла фердәуси жәннаттың орын бұйыртсын.

«Ақтоғай ажары» газетінің редакторы, шәкіртіңіз Гүлнар Метайқызы.

**\*Табиғат – тал бесік**

Сарыарқа төсіндегі орман-тоғай – үлкен қазына, нығмет саналады. Жасыратыны жоқ, ұлт байлығының қолденең келер қауіп-қатерден қорғалуы кейде көңіл көншітпей жатады. «Бір тал кессең – он тал ек» деген бабалар сөзі табиғатты аялаудың терең пәлсапасын түсіндіргенімен,

**Қазынаны қорғау – қасиетті іс**

Жер-Ананың аманатына адалдық танытуда салғырттық танытып жатамыз. Жаздың жайма шуақ мезгілінде туған өлкеміздің көз тартар әсем табиғаты аясында демалғанға не жетін. Алайда орман-тоғай, өзен-судағы демалыстан кейін қоқыс қалдығын жиыстырып кетуге мойнымыздың жсар бермейтіні рас. Әрине бәріне бірдей топырақ шашудан аулақпыз. Десе де Жер-Анаға деген жанашырлық танытпасақ оған орасан залалы тиіп жататы. Соның бірі оман-тоғайларда тұтанатын өрт. Статистикаға сәйкес 90%-астамы жыл сайынғы орман өрттерінің шығуына адамдар себепкер болады. Негізгі себептері сөндірілмеген от, тасталған темекі тұқылы, көлік құралының ақаулы бөсеңдеткіші, патронды бықсыған пыжса, былтырғы шоптің бақылаусыз құлауы және тағы басқалар. Сонымен қатар, орманда ұмытылған немесе сынған шыны бөтелке оттың көзі бола алатындығын атап өткен жөн, ол жазғы күннің ыстық сәулелерінің астында объектив ретінде жұмыс істей бастайды.

Адамдар кішкентай оттың шоғынан үлкен орманды өртке нағыз апатқа айналатынын және жолда кездескендердің бәріне зардабын тигізетінін ұмытып кетеді тіпті өрттің себебі бола тұрсада. Шоғырланған орман өрттері үлкен учаскелердің қатты түтіндеуіне әкеледі, ал күйік пен өткір иіс көптеген ондаған шақырымға таралады. Сондықтан орманда өрт қауіпсіздігі шараларын білу және сақтау үшін тікелей қажеттілік бар. Сол себепті көктемде шаруашылықтар егістік алқаптарды, бақшалық жерлерді пайдаланушылар өздеріне тиесілі жерлерді ортеу барысында және табиғат аясына шыққан азаматтар өрт қауіпсіздігін қатаң сақтауы тиіс. Сондай-ақ тұрғындар ашық отты қолданудан аулақ болу қажет. Орман – біздің байлығымыз. Сондықтан орманды сақтау, қорғау – бәрімізге ортақ.

**С.Қадырбеков,**

**Тоқырауын орманылығының орман күтушісі.**



13 тамыз 2021 жылы Терликбаева Канаткуль Ескарақызы қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен жайына хабарласуына болады. Тел: 8-705-832-83-06.

01 сәуір 2024 жылы Кишкентаев Серик Ныганович қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен жайына хабарласуына болады. Тел: 8-705-832-83-06.

01 наурыз 2024 жылы Есжанова Насипжан қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен жайына хабарласуына болады. Тел: 8-705-832-83-06.

19 желтоқсан 2023 жылы Бакиров Жанкелды Телманулы қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен жайына хабарласуына болады. Тел: 8-705-832-83-06.

**Еске алу**

Ағайын-алтау, Ана-біреу.

Анамыз **Бибигүл Мәметқұлқызының** бұл фәни жалған дүниеге бізді тастап кеткеніне бір жыл болыпты. Анамыз 17 ақпан 1938 жылы Еңбек ауылы, Нүркен совхозы, Қарқаралы ауданында колхозшы жанұясында дүниеге келген екен. Бастауыш мектепті Қоңырат ауданы, Калинин колхозында тәмамдаған. Орта мектепті Ақтоғай ауданындағы қазіргі Әлихан Бөкейхан атындағы мектептен 1957 жылы аяқтаған. 1957-1959 жылдары Ақтоғай селосындағы бала-бақшада тәрбиеші қызметін атқарған. 1959-1960 жылдары Саран қаласындағы Абай атындағы педагогикалық училищені аяқтап, бастауыш сынып мұғалімі мамандығына ие болған. 1961-1963 жылдары Қарқаралы ауданы Нүркен колхозының орта мектебінің бастауыш сынып ұстазы болған. 1963-1988 жылдар Ақтоғай ауданындағы Ә.Бөкейхан мектебінде бастауыш сынып мұғалімі болып қызмет еткен. 1988 жылы осы мектептен зейнеткерлікке шыққан. Ақтоғайдың талай жас жеткеншегіне қалам ұстатып, сауаттарын ашқан анамыз өз жұмысын адал атқарды. Еңбегі де еленіп, білім беру мекемелерінің мақтау қағаздарымен және тұл ардагері ретінде 1965-1975 жылдардың мерекелік медальдарымен наградталған. "Еңбек ардагері" медалімен де марапатталған. Күміс алқа иегері болған анамыз өз ұрпағын және халықтың балаларын тәрбиелеп-білім беруде жанын аямады. Келместің кемесіне мініп сағындырып кеткен анамызға жаныңыз Фердауси жәннаттының ақ төрінде болсын. Берілетін асымыз, оқыған дұға-тілектер қабыл болсын деп тілейміз.

**Сағынып еске алушы: балалары, келіндері, күйеу балалары, немерелері, шөберелері, бауырлары.**



**Еске алу**



Асқар тау әке, аяулы жар, кимас бауыр, камқор ата **Кішкентаев Серік Нығанұлының** өмірден өткеніне 40 күн де болып қалды. Күн өткен сайын өкеміздің жарқын жүзін сағынудамыз. Әкеміз марқұм жүрегі таза, жүзі жарқын, көңілі дархан, айналасына сыйлы да қадірлі жан

еді. Ағайын-туыс пен балаларының ыстық ықыласы мен құрметіне бөленген өкеміздің асыл бейнесі, жайдары мінезі мәңгілікке жадымызда сақталады. Әкемізді еске ала отырып, топырағыңыз торқа, жаныңыз жәннатта болсын деп Алладан тілейміз.

Алла бұйыртқан жан едің бағымызға, Амал қанша мәңгі кеттің жанымыздан. Жатқан жерің пейіштің төрі болғай, Шығармаймыз жүректен, жадымыздан.  
**Еске алушылар: жұбайы – Кенже, балалары, бауырлары.**

Құрметті ағайын-туыс, құда-жекжат, дос-жарандар, әріптестер, көршілер, көзкөрген барша жамағат қайғымызды бөліскендеріңізге алғысымызды білдіре отырып, 2024 жылы 4 мамыр күні сағат 13-00-де Ақтоғай ауылының «Ақ отау» мейрамханасында қырық күндік ас берілетінін хабарлаймыз.

Ә.Бөкейхан атындағы тірек мектебі РО жанындағы интернаты КММ ұжымы осы мектептің бастауыш сынып мұғалімі Мақсұтова Камилаға бауыры **Мақсұтов Бектайдың** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

**Еске алу**

Қызыларай ауылының тумасы **Шәріпұлы Серік** өкеміз тірі болғанда 60 жасқа толушы еді, ақ тілектердің орнына қол жайып дұға бағыштау жазыпты мандайымызға, қош болындар боталарым деген сөзіңіз әлі құлағымда, 23 жылдың жүзі болды ортамыздан кеткелі.



Сағыныш атты таудың шыңында талай болып едім-ау... Қанша жерден анаң тірі болса да, бауырларың жаныңда жүрсе де, өкенің орнын ешбір жаратылыс баса алмайды екен. Кейде әке деп атап, мойнына мейірлене асыла кететін мезеттерді аңсайсың. Кейде түн баласы түсінде көріп, сағыныштың сазымен жылап оянатын да сәттер болады. Қазірде өзіміздің қос-қостап баламыз болып, өзіміз ата-ана атанып отырсақ та, кейде бала болғымыз келетіні жасырын емес. Дегенмен амал жоқ...

Әке, асқартауым! Сенен мұра боп дүние қалған жоқ, сенен мұра болып тазалық, таза жүректілік, мейірім қалды. Әке, өзінді білетін бала да, танитын үлкен кісілер де сені жақсы көреді екен. Ал ұрпақтарың сені ерекше жақсы көреді. Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын. Қабіріңіз нұрға толып, жаныңыз пейіштің төрінде болсын.

Сағынамын сенің жылы сөздеріңді, «Қызым» деп мейірленген көздеріңді. Оралмайсың қайтейін, жаным әке, Қан жылатты бұл қайғы жүрегімді. Сағынсам, жан әкемді жылап алам, Өйткені ол мен үшін бағалы адам. Әкесі бар жандарға айтатыным, Қадірлей біл әке ғой керемет жан.

**Еске алушылар: балаларыңыз – Жанар-Ерсұлтан, Жәніс –Руслан, Анар-Бағдат, немерелеріңіз – Сәзім, Інжу, Жансұлтан, Сафиназ, Арсен, Медина, Әмір, Адина, анамыз – Ғазиза**

**Еске алу**



Ақтоғай ауылының тумасы ардақты бауыр, балаларының асқар тау әкесі, анасының сүйікті перзенті **Болбақов Нұржанның** өмірден өткеніне сырғып жылдар өтті. Осы жылдың 19 сәуірінде 5 жыл болды. Нұржанымызды арамыздан ерте алып кеткені жанымызды жабырқатып, жүрегімізді

жаралып кетті. Десе де Алланың ісіне көнбейтін пенде жоқ.

Нұржан ерекше бауырмал, үлкенге ізет, кішіге камқор еді. Елгезек, қоңыр мінезімен, кең жүрегімен көптің көңілін таба білетін. Осындай абзал жанның жарқын бейнесін, мейірімді әрі жылы жүзін сағына еске алып, жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, жаның жәннатта болсын деп дұға бағыштаймыз.

Нұрлы бейнен есте қалар мәңгілік, Дауысын да құлақта тұр жанғырып. Арамызда жоқтығыңды білсек те, Келетіндей арман менен сан үміт.  
**Еске алушылар: анасы – Күлпан, Болбақовтар әулеті.**

Ақтоғай аграрлық-техникалық колледж ұжымы колледждің қызметкерлері Қарибаев Самат пен Қуандықова Жанарға анасы **Шаймағанбетова Мұңлықтың**, колледжде ұзақ жыл еңбек еткен зейнеткер **Бәкіров Әмірбайдың** қайтыс болуларына байланысты отбастарына, туған-туысқандары мен жақындарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады

## Құттықтаймыз!



Құрметті құдамыз  
**Әшімбеков Өмірбек  
Ахметұлы!**

Сізді 70 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз, осынау айтулы мерейлі жасқа қадам басқан мерекелі күндеріңіз құтты болып, туған-туыс, балалар мен немерелер ортасында аман-есен жүріңіз. Сізге мықты денсаулық, мол бақыт, ұзақ ғұмыр тілейміз. Әркез осы тұғырыңыздан таймай қадірменді ақсақал, ұрпақтарыңыздың ақылшысы болып гасыр жасаңыз.

Асқар таудай биік болсын тұғырыңыз,  
Жетсіңші жүректерге жыр үніміз.  
Бар бақытын еңбекпен өрнектеген  
Ұзақ болсын саналы ғұмырыңыз.  
Әрқашан бақытыңыз ортаймасын  
Жүзіңізден ешқашан нұр таймасын  
Қуаныш-шаттың болып өміріңізде  
Шаңырақта тек қана той тойлансын

**Ігі тілекпен: Әбеуовтер отбасы.**

## Құттықтаймыз!



Ардақты әкеміз **Мұханов Санабек Өмірбекұлы!**

Сізді 70 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық тілейміз. Әкемізге жүзіңізден күлкі кетпей бала-шаға, немерелер ортасында ойнап-күліп мәнді-мағыналы ғұмыр кешуді тілейміз. Өмірдің биігі ежелі, айтулы асуға жеткен мерейтойыңызда ағайын-туыстың құрметіне бөлініп, ұрпақтарыңыздың биік жеңісті шақтарын көріп әдемі ғұмыр кешіңіз. Асқақ арман, асыл мұраттарыңыз орындалып, өмірдің шуағына бөлене беруді Алла сізге нәсіп етсін.

Ақ тілекті ақтарамыз жүректен,  
Қуаныштан көңіл шіркін дір еткен.  
70 жасыңыз құтты болсын бүгінгі,  
Мол бақыт тілейміз ақ жүректен.

**Ігі тілекпен: жубайыңыз – Айгүл, балаларыңыз – Алмас-Лаура, Ринат-Динара, Ернұр-Ақмарал, немерелеріңіз – Айару, Жанайым, Айзере, Ансар, Көзайым, Айша, Мирас, Томирис, Малика**

## Сенім телефоны

Ақтоғай ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінде мемлекеттік қызметкерлердің Әдеп Кодексін, мемлекеттік қызмет туралы заңнамалардың, сыбайлас жемқорлықпен күрес жұмысындағы талаптарды бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 8(71037)2-16-34 нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Тасарал соль» ЖШС «Қарағанды облысының Ақтоғай ауданындағы Ексор ас тұзы кен орнындағы тау-кен жұмыстарының Жоспары (түзету)» жобасы бойынша әсер етуге экологиялық рұқсат алуға өтінімге материалдары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін туралы хабарлайды («Қоршаған ортаны қорғау» Бөлімі (ҚОҚБ), Рұқсат етілген шығарындылар нормативтері (РЕШН), Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы (ӨЭББ), Қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББ), Қоршаған ортаны қорғау іс-шаралар жоспары (ҚОҚШЖ)).

Әсер ету аумағы: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Тасарал а.о., Тасарал а.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 46°18'10.53"N, 73°58'05.35"E.

Учаскенің географиялық координаттары: 1. 46°17'42.08"N, 73°48'50.96"E; 2. 46°17'51.00"N, 73°51'30.00"E; 3. 46°16'00.00"N, 73°52'00.00"E; 4. 46°16'35.00"N, 73°51'11.00"E; 5. 46°16'20.00"N, 73°50'15.00"E; 6. 46°16'50.00"N, 73°48'58.00"E.

Қоғамдық тыңдаулар 2024 жылғы 31 мамырда сағат 11:00-де мекенжайы бойынша өтеді: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Тасарал а.о., Тасарал а., Ағыбай батыр көш., 11 («Тасарал ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимараты).

Zoom платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылымға сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/7511845863?pwd=xTGpzM2qmCQ3eFaRKMqOzV0b7S7znu.1>

[j/7511845863?pwd=xTGpzM2qmCQ3eFaRKMqOzV0b7S7znu.1](https://us06web.zoom.us/j/7511845863?pwd=xTGpzM2qmCQ3eFaRKMqOzV0b7S7znu.1). Конференция идентификаторы: 751 184 5863. Кіру коды: E22qaC.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Тасарал соль» ЖШС, ҚР, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Тасарал ауылы, Орталық көш., 13 үй. БСН: 171040010845. Директоры: Жолдыбаев Д.Н. Байланыстар: тел. 8 (702) 846-61-41, e-mail: [tasaral.salt@gmail.com](mailto:tasaral.salt@gmail.com).

Әзерлеуші: «Сарыарқа экология» ЖШС, ҚР, Қарағанды қ., Қазыбек би атындағы ауданы, Әлиханов көш., 14Б. БСН: 150640024474. Өкілі: Матвеева О.В. Байланыстар: 8 (778) 516-00-85, e-mail: [olga\\_m\\_2008@inbox.ru](mailto:olga_m_2008@inbox.ru).

Қоғамдық тыңдаулардың материалдарымен <https://ecportal.kz> сайттарда «Жарияланған тыңдаулар» бөлімінде және <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

Жобалық материалдар бойынша қосымша ақпаратты 8 (778) 516-00-85 телефондары арқылы сұрауға болады, e-mail: [olga\\_m\\_2008@inbox.ru](mailto:olga_m_2008@inbox.ru).

Ескертулер мен ұсыныстарды «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу Басқармасы» ММ келесі мекенжайлар бойынша қабылдайды: [expertiza.upr\\_krg@mail.ru](mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru) және Қарағанды қ., Лобода қ., 20. Байланыстар: 8 (7212) 56-81-66.

## Құттықтаймыз!

Құрметті **Әшімбеков Өмірбек Ахметұлы**

сізді 70 жасқа толған мерейтойыңызбен құттықтаймыз. Сізге мықты денсаулық, қажымас қайрат тілейміз. Осы келген мерейжасыңызда жақсылығы мол ғұмыр, берекелі өмір, бала-шаға, немерелер бақытына бөлініп гасыр жасаңыз. Отанаңыз Макеңмен бірге ортамызда аман-есен болып, қуанышымызда бірге атап жүрейік.

Балалардың арасында жүріңіз,  
Шаттық нардаң айық басын жүзіңіз.  
Тілек еттік шын жүректен бәріміз,  
Мықты болып ұзақ өмір сүріңіз.

**Ақ тілекпен көршілеріңіз Несібелді, Көртай, Дәкен, Дәкен, Болат, Нәсіп, Сейіт, Азамат, Марат, Қанат, Жасұлан, Нұртай, Ержан, Қайрат.**



## Құттықтаймыз!



Құрметті бауырымыз  
**Күлпейсова Гүлнар  
Аманжолқызы!**

Сені мерейлі жасқа толған туған күніңмен құттықтаймыз. Басты байлық денсаулығың мықты болсын. Отбасың аман, туған-туыс, бала-шаға, немерелеріңнің алдында абыройың арттып, Дулатпен бірге ақсақалды ата, ақ жасулықты әже болып бірге қартайыңыздар. Шаңырағыңыздың шаттығы еселеніп, биік асуларды бағындыра беріңіз деген ізгі ниет, ақ тілегімізді білдіреміз. Жүзіңізден шуақ кетпей, әр уақытта өз ортаңыздың қадірлісі, сыйлысы болып берекелі де мерекелі ұзақ ғұмырды нәсіп етсін. Өмір жолыңыз тек жақсылықтарға жетелесін. Еңбекте жемісті болып, абыройыңыз ел алдында арта берсін.

Құттықтаймыз жайдары жақсы күнмен,  
Орта толсын туғанмен, шаттық үнмен.  
Қуанышты ғұмыр кешіп отбасында,  
Ғасыр жаса деп тілейміз, шын көңілден

**Ігі тілекпен: апаң – Торғай, бауырларың, жиеңдерің**

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Тасарал соль» объявляет о проведении общественных слушаний по материалам к заявке на получение экологического разрешения на воздействие по проекту «План горных работ на месторождении поваренной соли Ексор в Ақтоғайском районе Карагандинской области (корректировка)» (Раздел «Охрана окружающей среды» (РООС), Нормативы допустимых выбросов (НДВ), Программа производственного экологического контроля (ППЭК), Программа управления отходами (ПУО), План природоохранных мероприятий (ППМ)).

Территория воздействия: Карагандинская область, Ақтоғайский район, Тасаралский с.о., с. Тасарал. Географические координаты территории воздействия: 46°18'10.53"N, 73°58'05.35"E.

Географические координаты участка: 1. 46°17'42.08"N, 73°48'50.96"E; 2. 46°17'51.00"N, 73°51'30.00"E; 3. 46°16'00.00"N, 73°52'00.00"E; 4. 46°16'35.00"N, 73°51'11.00"E; 5. 46°16'20.00"N, 73°50'15.00"E; 6. 46°16'50.00"N, 73°48'58.00"E.

Общественные слушания состоятся: 31 мая 2024 года в 11:00, по адресу: Карагандинская область, Ақтоғайский район, Тасаралский с.о., с. Тасарал, ул. Ағыбай Батыра, 11 (здание ГУ «Аппарат акима Тасаралского сельского округа»).

Ссылка на онлайн подключение для участия в слушаниях на платформе Zoom: <https://us06web.zoom.us/j/7511845863?pwd=xTGpzM2qmCQ3eFaRKMqOzV0b7S7znu.1>. Идентификатор конференции: 751 184 5863. Код доступа: E22qaC.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Тасарал соль», РК, Карагандинская область, Ақтоғайский район, село Тасарал, ул. Орталық, д. 13. БИН: 171040010845. Директор: Жолдыбаев Д.Н. Контакты: тел. 8 (702) 846-61-41, e-mail: [tasaral.salt@gmail.com](mailto:tasaral.salt@gmail.com).

Разработчик: ТОО «Сарыарқа экология», РК, г. Караганда, район им. Казыбек би, ул. Алиханова, 14Б. БИН: 150640024474. Представитель: Матвеева О.В. Контакты: тел. 8 (778) 516-00-85, e-mail: [olga\\_m\\_2008@inbox.ru](mailto:olga_m_2008@inbox.ru).

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте <https://ecportal.kz> в разделе «Опубликованные слушания» и <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru> в разделе «Общественные слушания».

Дополнительную информацию по проектным материалам можно запросить по тел. 8 (778) 516-00-85, [olga\\_m\\_2008@inbox.ru](mailto:olga_m_2008@inbox.ru).

Замечания и предложения принимает ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» по адресам: [expertiza.upr\\_krg@mail.ru](mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru) и г. Караганда, ул. Лободы, 20. Контакты: 8 (7212) 56-81-66.

## Құттықтаймыз!



Құрметті бауырымыз **Болат Құлжанбекұлы** 70 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз.

Тұғырыңыздан таймай, әлі де талай асуларды табандылықпен бағындырып, отбасының ұйытқысы жән жарыңызбен бірге бір жастықта қартайып, соңыңыздан ерген ұл-қыздарыңыз бен немерелеріңіздің шаттығына тоймай, шалқып жүре беріңіз.

Мерейлі белеске көтерілген ардақты бауырымызға мықты денсаулық, баянды бақыт, ұзақ та шаттыққа толы ғұмыр тілейміз. Қашанда жүзіңізден шуақ кетпесін. Әрбір күн сізге тек қуаныш, жақсылық пен аралы сәттер сыйлап, өміріңіз мәнді де сәнді болып, ортамызда қадір-құрметке бөлініп жүре беріңіз.

Үлгі болған үлкенге де, жасқа да, Сыйлар сізді туған-туыс, басқа да, Бақытты боп бұл өмірде мәңгілік, Қуатыңыз таусылмасын 100 жаста да.

**Ізгі тілекпен: Дәкен, Есен, Нұржамал, Мейрам-Сақыпжамалдың отбастары бала-шагаларымен.**

## Құттықтаймыз!



Ақтоғай ауылының тұрғыны, досымыз **Мұқанов Санабек Өмірбекұлы** 70 жасқа толған мерейжасымен құттықтаймыз. Бала кезден бірге жүріп, қатар сыйласып келе жатқан абзал досымыз – жаны жайсаң, мінезі жайдары, көпшіл, адамгершілігі зор, аптал азамат. Бірге жүріп, бірге түлеген досымызға өмірдің нұр шуағын, бақ-берекесі мен шаттық мерекесін тілейміз. Бала-шаға мен немерелеріңіз қызығына тоймай өмірдің бар жақсылығы мен игілігін көре беріңіз. Қашанда жүзіңізден бақыттың нұрын көріп, айтулы да аралы күндерді бірге қарсы ала берейік.

Өмір бойы келеміз қатарласып, Амандықта жүрейік, дидарласып. Ақ тілек жадыратып бәрімізді, Осындайда күлейік, құттықтасып.

**Ізгі тілекпен: Іңкәрбек, Жанғазы, Бекет, Қабдырахым, Мейрамның отбастары.**

## Құттықтаймыз!



Сарытерек ауылының тұрғындары, құрметті әріптестеріміз **Омарбаев Қизат Сүидетұлы, Жақыпбекова Айтқайша Жақыпбекқызы, Шакаримов Жазібек Әбілбекұлы!**

Сіздерді асқаралы 60 жас мерейлі мерекелеріңізбен және Жазібек Әбілбекұлын зейнеткерлік жасқа жеткен күндеріңізбен шын жүректен құттықтай отырып, әріптестеріңіздің ізгі көңілінен шыққан ақ тілектерін жолдаймыз. Сіздер өнегелі еңбектеріңізбен, тындырымды істеріңізбен және қарапайым да парасатты мінездеріңізбен үлкен абырой-беделге ие болған ұжымымыздың тәжірибелі мамандарысыздар. Ұжымда адал еңбеккер, ортасына сыйлы әріптес, отбасында мейірманды ана, қамқор әке бола білген өздеріңіздей абзал жандарға осындай қуанышты күні еңбектің жемісі мен жеңісіне кенеліп, ғұмырларыңыз ұзағынан, көрер қуаныштарыңыз молынан болсын деп тілейміз.

Ізгі істеріңіздің қашанда оңға басуына, әр қадамдарыңыздың қарымды болуына, ел-қоғам алдында абыройларыңыздың арта беруіне тілектестік білдіреміз.

Жеміс берсін тер төккен еңбектеріңіз, Бақыт болсын әрдайым көргендеріңіз! Дәулет пенен мерейлеріңіз таси берсін, Арта берсін абырой-беделдеріңіз!

**«Ж.Кеңесбаев атындағы ЖББ мектеп» КММ-ң ұжымы**



Құрметті **Болат Құлжанбекұлы!**

Сізді 70 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Әлемнің бар жақсылығын тілеп, әрдайым денсаулығыңыз мықты, басқан қадамыңыз сәтті болсын демекпіз. Жарыңыз Булқеңмен бірге гасыр жасап, отбасы бақытына бөленіңіз. Шаңырақтарыңызға әрдайым шаттық ұялап, босағаларыңыздан құт-береке кетпесін. Ортамызда ақылшы аға болып жүре беріңіз.

Күндеріңіз көп болсын бақыт тұнған, Тойларыңыз құралсын өлең-жырдан. Бақытты өмір жетелеп, биіктерге Көңіліңіз шаттансын қуаныштан.

Ақ тілекпен: **көшілеріңіз – Несібелді, Көртай, Дәкен, Нәсіп, Өмірбек, Сейіт, Азамат, Марат, Қанат, Жасұлан, Нұртай, Ержан, Қайрат.**



Құрметті құдамыз **Болат Құлжанбекұлы!**

Сізді 70 жасқа толған мерейлі туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз. Мерейлі белес, айтулы асуға қадам басқан құдамызға бас амандық, бала-шаға шаттығын, зор денсаулық пен шырайлы өмір тілейміз. Алаңсыз өмірде бала-шаға, ұрпақтардың думанды қызықтарына тоймай,

жыл сайын туған күнді тойлап, тек жақсылық пен қуанышта қауыша беруді жазсын. Өмір жасыңыз ұзақ та баянды, қашан да жеміс пен жеңіске жетіп ғұмырлы бола беріңіз.

Жарқын өмір шаттық арай сыйласын, Көңіл күйі тәтті әуенді тыймасын. Мерейлі күн гүлге бөлеп жүректі, Жайсаңдарды төрлеріңе жинасын.

**Ізгі тілекпен: құдаларың – Көнтай-Бақша.**



Құрметті **Бекмаганбетова Рятай** еңбегіңіз елнен құрметті демалысқа шыққан қуанышты күніңіз құтты болсын. Еткен еңбегіңіз бен төккен теріңіз аз емес. Ендігі сол еңбектің зейнетін көріп, ауырмай-сырқамай немере-шөберенің ортасында аяулы әже деген атты иеленіп жүре беріңіз. Алланың берген жасын жасап, ауырмай-сырқамай,

берекелі де мерекелі ғұмыр кеуіңізге тілектеспіз Аралап атқан әрбір таң сізге тек шаттық пен қуағиш әкелсін. Құрметті демалысыңыз 100 жасқа дейін ұлассын.

Әрқашан бұл өмір күлімдесін, Көңіліңіз ештеңеден бүлінбесін. Бақыт болсын көреріңіз барлық сәтте, Арман атты тұлпарыңыз сүрінбесін.

**Құрметпен: С.Ибраев атындағы негізгі орта мектебі КММ ұжымы.**

Құрметті көшіміз **Болат Құлжанбекұлы** 70 жасқа толған мерейтойымен құттықтаймыз. Әрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар, бірақ еткен еңбек, көрген бейнет, татқан зейнет, алған асу, жеткен биік әркімнің өмірінде әрқилы. Оны сырт көз өздеріңше бағалап та жатады. Негізгі іздейтіні ол – кісілік келбет, азаматтық тұлға. Өзінің өнегелі өмір соқпағында сыйластықты ұлықтап, көшілігіміздің жарастығын арттырып жүретін бүгінгі мерейтой иесі Бөкенді осындай кісілік келбеті жарасқан жан деп айтуға болады. Бүгінгі 70 жасқа толған мерейлі тойыңызда өзіңізге денсаулық, ұзақ ғұмыр, әулетіңізге баянды бақыт тілейміз.

Құтты болсын 70 жасыңыз, Сексеннің де сенгірінен асыңыз. Қуат алып, денсаулықтың нәрінен, Жүзіп өтіп жүзге аяқ басыңыз.

**Құттықтаушылар: көшілеріңіз – Саттар-Айтқұл, Қанат-Дина, Нұрлан-Айгүл, Саят-Жанат, Ардақ, Қайыр, Мұратбек-Бақша, Қуаныш-Мамық, Қуандық-Бибігүл, Төлеген-Гаухар, Тимка-Айнаш.**



Құрметті де қадірлі бауырларымыз **Болат пен Света!**

60 жасқа толған мерей тойларыңмен шын жүректен құттықтаймыз. Бұл жас - адамның кемеліне келіп, алдағы толқын аналар мен ағалардың ізін басып, кейінгі інілерге құрмет көрсетіп, сыйластық танытып, ұл-қыз өсіріп, құда-жекжатты болып немере сүйіп, өрістерің кеңейіп, өркені өскен беделді кезеңге келіп отырсыңдар.

Балаларымыздың аға мен жеңгесі, туғандар арасында және ел ішінде сыйлы болып тұғырынан таймай жетекші болып келесіңдер. Ұл-қыздардан немере, шөбере сүйіп, бәйтеректей жасырақ жайып, өркендей беріңдер. Отбастарыңа амандық, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, еңбекте тың табыстар мен асқақ абырой тілейміз.

Ізгіліктің нұрын шашып маңайға, Бауырымызсың үлгі болар талайға, Жақсылықты өздеріңнен көп көрген, Ұмытпайды туған – туыс қалайда! Бақытты болып бұл өмірде мәңгілік, Қуаттырың таусылмасын 100 жаста да!

**Тілек білдірушілер: бауырларын – Торғай, Серік-Алмаш, Бәтес, Алма-Олжабай, Амантай-Темірғалы, Алтынбек-Күләйім және осы тілекке өмірден өткен бауырларымыз Өрік, Берік, Серікбек ұрпақтары, барлық жиндер қосылады.**

**Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА Жауапты хатшы: Думан Қабыл**

**Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА**

**Меншік иесі: “Ақтоғай ажары” газеті**

**редакциясы ЖШС**

**Тіркеу куәлігі: №КЗ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)**

**Газет аптасына 1 рет шығады**

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

**Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 850 дана**

**Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.**

**Телефондар: редактор: 2-18-81.**

**тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39**



**Электрондық пошта aktogai\_red@mail.ru**

**Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.**

